- 37 Cannonier C., Burke M. G. The economic growth impact of tourism in Small Island Developing States-evidence from the Caribbean // *Tourism Economics*. – 2019. - Vol. 25. - Iss. 1. – pp. 85-108. DOI: 10.1177/1354816618792792.
- 38 Leask A. The nature and role of visitor attractions / In book: *Managing visitor attractions*. – 2008. - pp. 3-15. DOI: 10.1016/B978-0-7506-8545-0.50007-1.
- 39 Khan A., Bibi S., Lorenzo A., Lyu J., Babar Z. U. Tourism and development in developing economies: A policy implication perspective // *Sustainability*. - 2020. - Vol. 12. - Iss. 4. - Art. 1618 DOI: 10.3390/su12041618.
- 40 Zhuang X., Yao Y., Li J. Sociocultural impacts of tourism on residents of world cultural heritage sites in China // *Sustainability*. - 2019. - Vol. 11. - Iss. 4. - Art. 840. DOI: 10.3390/su11030840.
- 41 Ramyar M., Halim N. Tourist Expectation and Satisfaction towards Existing Infrastructure and Facilities in Golestan National Park, Iran // *American Research Journal of Humanities and Social Science*. – 2020. - Vol. 3. - Iss. 7. - pp. 89-108. URL: <https://www.arjhss.com/wp-content/uploads/2020/07/L37889108.pdf> (дата обращения 1.04.2025.).
- 42 Carlisle S., Ivanov S., Dijkmans C. The digital skills divide: evidence from the European tourism industry // *Journal of Tourism Futures*. – 2023. - Vol. 9. - Iss. 2. - pp. 240-266. DOI: 10.1108/JTF-07-2020-0114.
- 43 Hall C. M. Constructing sustainable tourism development: The 2030 agenda and the managerial ecology of sustainable tourism / In book: *In Activating critical thinking to advance the sustainable development goals in tourism systems*. – 2021. - pp.

- 198-214. URL: <https://www.taylorfrancis.com/chapters/edit/10.4324/9781003140542-12/constructing-sustainable-tourism-development-2030-agenda-managerial-ecology-sustainable-tourism-michael-hall> (дата обращения 1.04.2025.).
- 44 Streimikiene D., Svagzdiene B., Jasinskas E., Simanavicius A. Sustainable tourism development and competitiveness: The systematic literature review // *Sustainable development*. – 2021. - Vol. 29. - Iss. 1. - pp. 259-271. URL: https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1002/sd.2133?casa_token=jsHj0kZELREAAAAA%3AkV1660Kuo-dRJ1HIz8DJm66ED5xGPmVx63xLTG_BkK1cYp4sZidJzrZRxDuRpw2Xy-0mIsdZkmzdgXM (дата обращения 1.04.2025.).
- 45 Ristić D., Vukoičić D., Milinčić M. Tourism and sustainable development of rural settlements in protected areas-Example NP Kopaonik (Serbia) // *Land use policy*. – 2019. - Vol. 89. - Art. 104231. DOI: 10.1016/j.landusepol.2019.104231.

References

- Toleпов A., Tlesova, A., Moldasheva A., Musabaev K., Orynassarova Y., Saparova B. Improving the innovative activity of the region with impact upon tourism // *Journal of Environmental Management and Tourism*. – 2022. - Vol. 13. - Iss. 6 (62). – pp. 1728-1739. URL: <https://www.cceol.com/search/article-detail?id=1114152> (дата обращения 29.03.2025.).
- Pikkemaat B., Peters M., Bichler B. F. Innovation research in tourism: Research streams and actions for the future // *Journal of Hospitality and Tourism Management*. - 2019. - Vol. 41. – pp. – 184-196. DOI: 10.1016/j.jhtm.2019.10.007.
- Işık, C. Kūçūkaltan E. G., Taş, S., Akoğul E., Uyrun A., Hajiyeva T., Bayraktaroglu E. Tourism and innovation: A literature review // *Journal of Ekonomi*. – 2019. - Vol. 1(2). - pp. 98-154. URL: <https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/915158> (дата обращения 29.03.2025.).
- Ramazanova M., Ibragimov K., Saspugayeva G. Analysis of the use of digital technologies in the tourism sector: Evidence from Kazakhstan // *In Technology Application in Tourism in Asia: Innovations, Theories and Practices*. – 2022 - pp. 165-182. DOI: 10.1007/978-981-16-5461-9_10.
- Elshaer A. M., Marzouk A. M. Memorable tourist experiences: the role of smart tourism technologies and hotel innovations // *Tourism Recreation Research*. – 2024. - Vol. 49(3). - pp. 445-457. DOI: 10.1080/02508281.2022.2027203.
- Mohammed A., Al-Swidi A. The influence of CSR on perceived value, social media and loyalty in the hotel industry // *Spanish Journal of Marketing-ESIC*. - 2019. - Vol. 23. – Iss 3. – pp. 373-396. URL: <https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/sjme-06-2019-0029/full/pdf> (дата обращения 29.03.2025.).
- Domi S., Keco R., Capelleras J. L., Mehmeti G. Effects of innovativeness and innovation behavior on tourism SMEs performance // *The case of Albania. Economics and sociology*. – 2019. - Vol. 12(3). - pp. 67-85. DOI:10.14254/2071-789X.2019/12-3/5.
- Brandão F., Breda Z., Costa C. Innovation and internationalization as development strategies for coastal tourism destinations: The role of organizational networks // *Journal of Hospitality and Tourism Management*. – 2019. - Vol. 41. - pp. 219-230. DOI:10.1016/j.jhtm.2019.10.004.
- Arcese G., Valeri M., Poponi S., Elmo G. C. Innovative drivers for family business models in tourism // *Journal of Family Business Management*. – 2021. - Vol. 11(4). - pp. 402-422. DOI:10.1108/JFBM-05-2020-0043.
- Cavalheiro M. B., Joia L. A., Cavalheiro, G. M. do C. Towards a smart tourism destination development model: Promoting environmental, economic, socio-cultural and political values // *Tourism Planning and Development*. – 2020. - Vol. 17(3). - pp. 237-259. DOI:10.1080/21568316.2019.1597763.
- Vspomogatel'nyj schet turizma Respubliki Kazahstan // Bjuro nacional'noj statistiki agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam Respubliki Kazahstan. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/national-accounts/publications/181504/> (дата обращения 29.03.2025.).
- Statistika turizma. Dinamicheskie rjady // Bjuro nacional'noj statistiki agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam Respubliki Kazahstan. URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/dynamic-tables/> (дата обращения 29.03.2025.).
- AO Nacional'naja kompanija «Kazakh Tourism». URL: <https://qaztourism.kz/ru/> (дата обращения 29.03.2025.).
- Otchnost' AO Nacional'noj kompanii «Kazakh Tourism». URL: <https://qaztourism.kz/ru/about-company/reporting/> (дата обращения 29.03.2025.).
- Kazhstanskaja turistskaja asociacija (KTA). URL: <https://kaztour-association.com/o-nas/o-hta/> (дата обращения 29.03.2025.).
- Zakon Respubliki Kazahstan ot 13 ijunja 2001 goda № 211 «O turistskoj dejatel'nosti v Respublike Kazahstan» (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 03.03.2025 g.). https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z010000211_ (дата обращения 29.03.2025.).
- Zakon Respubliki Kazahstan ot 4 maja 2010 goda № 274-IV «O zashhite prav potrebitelej» (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 08.06.2024 g.). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30661727 (дата обращения 29.03.2025.).
- Rina L. The Achievement of Sustainable Development Goals (SDGs) in Social, Economic, and Environmental Aspects: The Role of the Private Sector in Tourism Villages // *IOP Conf. Series: Earth and Environmental Science*. – 2023. DOI:10.1088/1755-1315/1248/1/012009.
- Aratuo D. N., Etienne X. L. Industry level analysis of tourism-economic growth in the United States // *Tourism Management*. – 2019. - Vol. 70. - pp. 333-340. DOI:10.1016/j.tourman.2018.09.004.
- Sedarati P., Santos S., Pintassilgo P. System dynamics in tourism planning and development // *Tourism Planning and Development*. – 2019. - Vol. 16(3). - pp. 256-280. DOI:10.1080/21568316.2018.1436586.
- Asif M., Fazel H. Digital technology in tourism: a bibliometric analysis of transformative trends and emerging research patterns // *Journal of Hospitality and Tourism Insights*. – 2024. - Vol. 7 (3). - pp. 1615-1635. DOI: 10.1108/JHTI-11-2023-0847.
- Kojtanova A.Zh., Ajaganova M.P. Analiz sovremennogo sostojanija turistskogo potenciala Respubliki Kazahstan // *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Serija «Jekonomika»*. – 2014. – №2 (74). - S. 156-164. URL: https://economy-vestnik.ksu.kz/apart/srch/2014_economy_2_74_2014.pdf#page=156 (дата обращения 31.03.2025.).
- Tiberghien G. Managing the planning and development of authentic eco-cultural tourism in Kazakhstan // *Tourism Planning and Development*. – 2019. - Vol. 16. - Iss. 5. - pp. 494-513. DOI: 10.1080/21568316.2018.1501733.

- 24 Karta Travel dlja puteshestvij. Vygodno po vsemu miru. URL: <https://bank.forte.kz/cards/travelcard#!> (data obrashhenija 31.03.2025.).
- 25 Kaspi.kz. URL: <https://kaspi.kz/> (data obrashhenija 31.03.2025.).
- 26 Halykbank.kz. URL: <https://halykbank.kz/kz> (data obrashhenija 31.03.2025.).
- 27 Poedem. Turagenstvo. URL: <https://poedem.kz/> (data obrashhenija 1.04.2025.).
- 28 Charyn. URL: <https://qazaqnationalparks.kz/visitcenters/charyn> (data obrashhenija 1.04.2025.).
- 29 Kodeks Respubliki Kazahstan «O nalogah i drugih objazatel'nyh platezhah v bjudzhet (Nalogovyj kodeks)» (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 01.01.2025 g.). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36148637 (data obrashhenija 1.04.2025.).
- 30 Kodeks Respubliki Kazahstan ot 2 janvarja 2021 goda № 400-VI «Jekologicheskij kodeks Respubliki Kazahstan» (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 16.03.2025 g.). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39768520&show_di=1 (data obrashhenija 1.04.2025.).
- 31 Zakon Respubliki Kazahstan «O dorozhnom dvizhenii» ot 17 aprelja 2014 goda № 194-V ZRK (s izmenenijami i dopolnenijami po sostojaniju na 04.12.2024 g.). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1400000194/history> (data obrashhenija 1.04.2025.).
- 32 Streimikiene D., Svagzdiene B., Jasinskas E., Simanavicius A. Sustainable tourism development and competitiveness: The systematic literature review // Sustainable development. – 2021. - Vol. 29. - Iss. 1. - pp. 259-271. DOI: 10.1002/sd.2133.
- 33 Hernández-Perlines F., Ariza-Montes A., Han H., Law R. Innovative capacity, quality certification and performance in the hotel sector // Journal of Hospitality Management. – 2019. - Vol. 82. - pp. 220-230. DOI:10.1016/j.ijhm.2019.04.027.
- 34 Labanauskaitė D., Fiore M., Stašys R. Use of E-marketing tools as communication management in the tourism industry // Tourism Management Perspectives. – 2020. - Vol. 34. - Art. 100652. DOI: 10.1016/j.tmp.2020.100652.
- 35 Dolezal C., Novelli, M. Power in community-based tourism: empowerment and partnership in Bali // Journal of Sustainable Tourism. - 2022. - Vol. 30. - Iss. 10. – pp. 2352-2370. DOI: 10.1080/09669582.2020.1838527
- 36 Figini P., Patuelli R. Estimating the economic impact of tourism in the European Union: Review and computation // Journal of Travel Research. – 2022. - Vol. 61. - Iss. 6. – pp. 1409-1423. DOI: 10.1177/00472875211028.
- 37 Cannonier C., Burke M. G. The economic growth impact of tourism in Small Island Developing States-evidence from the Caribbean // Tourism Economics. – 2019. - Vol. 25. - Iss. 1. – pp. 85-108. DOI: 10.1177/1354816618792792.
- 38 Leask A. The nature and role of visitor attractions / In book: Managing visitor attractions. – 2008. - pp. 3-15. DOI: 10.1016/B978-0-7506-8545-0.50007-1.
- 39 Khan A., Bibi S., Lorenzo A., Lyu J., Babar Z. U. Tourism and development in developing economies: A policy implication perspective // Sustainability. - 2020. - Vol. 12. - Iss. 4. - Art. 1618 DOI: 10.3390/su12041618.
- 40 Zhuang X., Yao Y., Li J. Sociocultural impacts of tourism on residents of world cultural heritage sites in China // Sustainability. - 2019. - Vol. 11. - Iss. 4. - Art. 840. DOI: 10.3390/su11030840.
- 41 Ramyar M., Halim N. Tourist Expectation and Satisfaction towards Existing Infrastructure and Facilities in Golestan National Park, Iran // American Research Journal of Humanities and Social Science. – 2020. - Vol. 3. - Iss. 7. - pp. 89-108. URL: <https://www.arjhss.com/wp-content/uploads/2020/07/L37889108.pdf> (data obrashhenija 1.04.2025.).
- 42 Carlisle S., Ivanov S., Dijkmans C. The digital skills divide: evidence from the European tourism industry // Journal of Tourism Futures. – 2023. - Vol. 9. - Iss. 2. - pp. 240-266. DOI: 10.1108/JTF-07-2020-0114.
- 43 Hall C. M. Constructing sustainable tourism development: The 2030 agenda and the managerial ecology of sustainable tourism / In book: In Activating critical thinking to advance the sustainable development goals in tourism systems. – 2021. - pp. 198-214. URL: <https://www.taylorfrancis.com/chapters/edit/10.4324/9781003140542-12/constructing-sustainable-tourism-development-2030-agenda-managerial-ecology-sustainable-tourism-michael-hall> (data obrashhenija 1.04.2025.).
- 44 Streimikiene D., Svagzdiene B., Jasinskas E., Simanavicius A. Sustainable tourism development and competitiveness: The systematic literature review // Sustainable development. – 2021. - Vol. 29. - Iss. 1. - pp. 259-271. URL: https://onlinelibrary.wiley.com/doi/full/10.1002/sd.2133?casa_token=jsHj0kZELREAAAAA%3AkVl660Kuo-dRJ1HIz8DJm66ED5xGPmVx63xLTG_BkKIcYp4sZidJzrZRxDuRpw2Xy-0mIsdZkmgdXm (data obrashhenija 1.04.2025.).
- 45 Ristić D., Vukoičić D., Milinčić M. Tourism and sustainable development of rural settlements in protected areas-Example NP Kopaonik (Serbia) // Land use policy. – 2019. - Vol. 89. - Art. 104231. DOI: 10.1016/j.landusepol.2019.104231.

<p>Хат-хабарларга арналган автор (бірінші автор) Ахмедова Салтанат Жолдасбековна туризм магистрі, Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан e-mail: a_saltanat@list.ru ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-6927-1733</p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор) Ахмедова Салтанат Жолдасбековна, магистр туризма, Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Казахстан e-mail: a_saltanat@list.ru ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-6927-1733</p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author) Akhmedova Saltanat Zholdasbekovna, Master of Tourism, Kazakh Academy of Sports and Tourism, Almaty, Kazakhstan e-mail: a_saltanat@list.ru ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-6927-1733</p>
--	---	--

Дата поступления статьи: 02.04.2025
Дата принятия к публикации: 24.05.2025

¹Болат А.А.^{ORCID}, ¹Касымова А.М., ²Акимов Ж.М.

¹. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

ҚАРУСЫЗДАНУ АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ ТУРИСТІК ЖОБАЛАРДЫ ҮНТАЛАНДЫРУДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН ҚОРЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

Болат Алибек Алмазович, Касымова Айгерим Маликовна, Акимов Жаксылық Макмұтович

Қарусыздану аймақтарындағы туристік жобаларды ынталандырудағы халықаралық қаржы институттары мен қорларының рөлі

Аңдатпа. Бұл мақалада халықаралық қаржы институттары мен қорлардың қарусыздандыру процестері жүріп жатқан аймақтарда туристік жобаларды ынталандырудағы рөлі қарастырылады. Зерттеу барысында Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, Азия даму банкі және Еуропа қайта құру және даму банкі сияқты ірі институттардың туризмді дамытуға бағытталған қаржыландыру құралдары мен олардың әлеуметтік-экономикалық әсері қарастырылды. Зерттеу әдістері ретінде салыстырмалы талдау, SWOT-талдау, кейс-әдісі және контент-талдау пайдаланылды. Нәтижелер көрсеткендей, халықаралық институттар тарапынан бөлінетін гранттар мен жеңілдетілген несиелер қарусыздандырылған өңірлердегі инфрақұрылымды қалпына келтіруге, жаңа жұмыс орындарын құруға және әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, ҰЕҰ (Үкіметтік емес ұйым) мен жергілікті қауымдастықтардың қатысуы жобалардың тиімділігі мен ашықтығын арттырады. Қарусыздандыру өңірлерінде туризмді дамыту тұрақты экономикалық өсуге, экологиялық жауапкершілікке және мәдени мұраны сақтау үрдістеріне оң әсер етеді.

Түйін сөздер: қарусыздану аймағы, туристік жобалар, халықаралық қаржы институттары, халықаралық қорлар, ынталандыру шаралары, тұрақты даму, инвестициялық тетіктері.

Boilat Alibek, Kassymova Aigerim, Akimov Zhaxylyk

The role of international financial institutions and funds in stimulating tourism projects in disarmament regions

Abstract. This article explores the role of international financial institutions and funds in stimulating tourism projects in regions undergoing disarmament processes. The research analyzes the financial support mechanisms of major organizations such as the International Monetary Fund, the World Bank, the Asian Development Bank, and the European Bank for Reconstruction and Development, along with their socio-economic impact. The methodology includes comparative analysis, SWOT analysis, case study, and content analysis. The findings indicate that grants and concessional loans provided by international institutions contribute to infrastructure rehabilitation, job creation, and the strengthening of social stability in disarmed regions. The involvement of NGOs (Non-governmental organization) and local communities enhances the effectiveness and transparency of projects. The development of tourism in disarmed regions positively affects sustainable economic growth, ecological responsibility, and cultural heritage preservation.

Key words: nuclear-weapon-free zone, tourism projects, international financial institutions, international funds, incentive measures, sustainable development, investment mechanisms.

Болат Алибек Алмазович, Касымова Айгерим Маликовна, Акимов Жаксылық Макмұтович

Роль международных финансовых институтов и фондов в стимулировании туристических проектов в регионах разоружения

Аннотация. В данной статье рассматривается роль международных финансовых институтов и фондов в стимулировании туристических проектов в регионах, где проходят процессы разоружения. В ходе исследования были проанализированы финансовые инструменты поддержки туризма таких крупных организаций, как Международный валютный фонд, Всемирный банк, Азиатский банк развития и Европейский банк реконструкции и развития, а также их социально-экономическое воздействие. Методологическая основа исследования включает сравнительный анализ, SWOT-анализ, кейс-метод и контент-анализ. Полученные результаты показывают, что гранты и льготные кредиты, предоставляемые международными институтами, способствуют восстановлению инфраструктуры, созданию новых рабочих мест и укреплению социальной стабильности в разоруженных регионах. Вовлечение НПО (неправительственные организации) и местных сообществ повышает эффективность и прозрачность проектов. Развитие туризма в разоруженных регионах оказывает положительное влияние на устойчивый экономический рост, экологическую ответственность и сохранение культурного наследия.

Ключевые слова: зона безъядерного статуса, туристские проекты, международные финансовые институты, международные фонды, меры стимулирования, устойчивое развитие, инвестиционные механизмы.

Кіріспе. Халықаралық қаржы институттары мен қорлардың қарусыздандыру процестері жүріп жатқан аймақтарда туристік жобаларды ынталандырудағы рөлі тақырыбы бүгінгі таңда өзекті әрі маңызды ғылыми-зерттеу салаларының бірі болып табылады. Бұл мәселенің өзектілігі, ең алдымен, қарусыздандырудан кейінгі кезеңдегі өңірлердің экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету қажеттілігімен тығыз байланысты. Дәл осы тұста халықаралық институттар мен қорлардың ұсынатын қаржылық және техникалық қолдауы өңірлік туризмнің дамуына жаңа серпін бере алады, себебі туризм жергілікті халықтың табыс көзін арттыруға, инфрақұрылымды жетілдіруге және бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға ықпал ететін бірегей сала болып саналады. Бұл тақырыпты таңдауға бірқатар факторлар ықпал етті. Біріншіден, қарусыздандыру процесі жүріп жатқан аймақтардың экономикалық әлеуетін қалпына келтіру мәселесі жаһандық деңгейде маңызды мәселе болып отыр. Екіншіден, халықаралық қаржы институттары мен қорлардың осы процестегі рөлін зерттеу қажеттілігі әлі күнге дейін толық қарастырылмаған.

Зерттеу мақсаты – халықаралық қаржы институттары мен қорлардың қарусыздандырылған өңірлерде туристік жобаларды қолдау және ынталандыру ісіндегі рөлін анықтау, сондай-ақ осы қолдаудың әлеуметтік-экономикалық әсерлерін кешенді түрде бағалау болды. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін келесі **зерттеу міндеттер** анықталды:

- қарусыздандыру процесі жүріп жатқан аймақтардағы туристік жобаларды қаржыландырудың нақты құралдары мен олардың тиімділігін анықтау;

- постконфликттік аймақтарда туризмнің дамуына әсер ететін негізгі қаржы-экономикалық факторларды айқындау;

- қаржыландырудың заманауи құралдары мен олардың қолданылу тиімділігіне салыстырмалы талдау жүргізу.

Қарусыздандыру процестерінің аймақтық экономикаға әсері туралы зерттеулер жүргізілгенімен, олардың туристік секторды дамытудағы мүмкіндіктері жеткіліксіз зерттелген. Сол себепті

бүгінгі таңда қарусыздандырудан кейінгі аймақтардың әлеуметтік-экономикалық тұрақтануына ықпал етудің жаңа тетіктері ретінде туризмге бет бұру заңды құбылыс. Халықаралық қаржы институттары мен қорлардың дәл осы саланы қолдауы қарусыздандыру өңірлерінің дамуына көп қырлы оң өзгерістер алып келуі мүмкін, себебі туризм әлеуметтік бейбітшілік пен экономикалық әртараптандыруға жол ашатын сала ретінде танылып отыр. Тақырыптың қолданбалы маңызын нақтылау үшін, біз қарусыздану аймақтарындағы туристік жобаларды ынталандырудың негізгі статистикалық көрсеткіштерін салыстыруға мүмкіндік беретін арнайы кесте құрастырдық (1 кесте). Бұл кестеде халықаралық қаржы институттары мен қорлар бөлген қаражат көлемі, жұмыс орындарының ашылу қарқыны, туристер ағыны және басқа да маңызды индикаторлар көрсетілді. Мұндай салыстырма кестесі зерттеу нәтижелерінің нақтылығын арттыра түседі. Туризм, көптеген зерттеушілердің пікірінше, постконфликттік аймақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуын жеделдетуге қабілетті тиімді құрал болып табылады [1, б. 45-60]. Бұл орайда халықаралық қаржы институттары мен қорлардың рөлі ерекше. Олар қаржыландырудың заманауи құралдарын ұсына отырып, аймақтардың инвестициялық тартымдылығын арттыруға және туристік инфрақұрылымды жақсартуға ықпал етеді. Алайда, туристік жобаларды қаржыландырудың нақты механизмдері мен олардың постконфликттік аймақтарға тигізетін әсері туралы эмпирикалық деректер әлі күнге дейін шектеулі. Бұл жағдай зерттеушілер мен тәжірибелік саладағы мамандар үшін күрделі мәселелердің бірін туындатып отыр [2, б. 85-98]. Зерттеуімізде осы аспектілерді жүйелендіру үшін бірнеше нақты өңірдің деректеріне сүйендік. Соның ішінде Босния және Герцеговина мен Руанда мысалдарын енгіздік (1-кесте) бізге қарусыздану процестерінен кейінгі туристік жобалардың нақты статистикалық көрсеткіштерін салыстыруға, сондай-ақ халықаралық институттар мен қорлардың қаржылық көмегінің нәтижелілігін көруге мүмкіндік береді [3; 4] Сондықтан да бұл зерттеу мәселесінің маңыздылығы ерекше.

Кесте 1 – Қарусыздану аймақтарындағы туристік жобаларды ынталандыруға байланысты негізгі статистикалық көрсеткіштер

Көрсеткіштер	Босния және Герцеговина (2020–2022)	Руанда (2020–2022)
Туризм саласын дамытуға бөлінген қаражат көлемі (млн. АҚШ долл.)	35 (ЕКДБ, Еуропалық қорлар) 25 (Дүниежүзілік банк / басқа институттар)	40 (Африкалық даму банкі, Жаһандық экологиялық қорлар) 15 (Әлемдік банк / басқа қорлар)
Жыл сайынғы туристер ағыны (мың адам)	2019 ж.: 900 → 2022 ж.: 1250	2019 ж.: 1200 → 2022 ж.: 1800
Туризм саласында құрылған жаңа жұмыс орындарының саны	3500 (қонақүйлер мен мейрамханалар) 1 200 (рекреациялық жобалар)	4000 (экотуризм, қорықтар) 1500 (агротуризм, мәдени фестивальдер)
Халықаралық институттар мен қорлардың негізгі қаржыландыру бағыты	Мәдени-тарихи нысандарды қалпына келтіру (Сараево, Мостар) Инфрақұрылымды (жол, байланыс) жетілдіру	Горилла мекені мен ұлттық парктерді қорғау (экотуризм) Ауыл шаруашылығына негізделген туризмді дамыту
Жұмыссыздық деңгейінің өзгеруі	20%-дан 15%-ға дейін төмендеді (2020–2022)	18%-дан 12%-ға дейін қысқарды (2020–2022)
Туризм саласының ЖІӨ-дегі үлесі	8–10% (өсу үрдісі бар)	10–12% (экотуризм есебінен жыл сайын артуда)
Негізгі кедергілер мен тәуекелдер	Этникалық және саяси келіспеушіліктер; Инфрақұрылымның жеткіліксіздігі; Кадрлар біліктілігінің төмендігі.	Экожүйенің осалдығы (горилла); Аграрлық сектордың төмен механизациясы; Бюрократиялық рәсімдердің қиындығы.

Қарусыздандыру процестері жүріп жатқан аймақтар әлемдік қауымдастықтың назарын аударып отырған маңызды нысандардың бірі болып табылады. Бұл аймақтарда бейбітшілік пен тұрақтылықты орнату үшін экономикалық қолдау көрсету, соның ішінде туризмді дамыту, басты міндеттердің бірі ретінде қарастырылады [5, б. 1-18]. Туризм арқылы аймақтарға халықаралық инвесторларды тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу және жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту мүмкіндігі жоғары. Сонымен қатар, туризм экономиканың әртүрлі секторларын дамытуға мультипликативті әсерін тигізеді. Туристік жобаларды қаржыландырудың тиімді әдістерін іздеу мен оларды тәжірибеде қолдану қазіргі таңда өзекті ғылыми мәселеге айналып отыр. Халықаралық қаржы институттары (ХҚИ) мен қорлар осы процестің негізгі қатысушылары ретінде қарастырылады. Алайда, қазіргі ғылыми әдебиеттерде олардың туристік жобаларға тигізетін әсері жүйелі түрде зерттелмеген. Қазіргі уақытта аймақтық және жаһандық деңгейде жүргізілген зерттеулердің басым бөлігі қарусыздандырудың саяси аспектілеріне бағытталған. Ал экономикалық даму, оның ішінде туризм саласы арқылы қалпына келтіру мәселелері екінші кезектегі міндет ретінде қарастырылуда. Бұл зерттеу осы олқылықты толтыруға бағытталған.

Тақырыптың теориялық маңыздылығы оның халықаралық қаржы институттары мен қорлардың рөлін зерттеу арқылы қарусыздандыру аймақтарындағы туризмді дамытудағы жүйелі тәсілдерді ұсынуында жатыр. Зерттеу нәтижелері

теориялық негіздемелерді жетілдіріп қана қоймай, халықаралық ұйымдар мен үкіметтік құрылымдар үшін нақты практикалық ұсыныстар беруге мүмкіндік береді. Практикалық маңыздылығы, біріншіден, туризмді дамыту арқылы постконфликттік аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту болып табылады. Екіншіден, зерттеу нәтижелері халықаралық қаржы институттарының тиімділігі мен аймақтық даму бағдарламаларының экономикалық әсерін бағалау үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл тақырыпқа қатысты негізгі зерттеулердің біріне сүйенсек, Castillo-Palacio [1] постконфликттік аймақтарда туризмді дамыту арқылы экономикалық тұрақтылыққа жетудің маңыздылығын атап өткен. Сонымен қатар, Buultjens және әріптестері [3] туристік инфрақұрылымды қаржыландырудың артықшылықтарын көрсетеді. Бұл зерттеулердің негізінде біз халықаралық қаржы институттарының рөлі мен олардың экономикалық әсерін тереңірек зерттеуді мақсат еттік.

Әдістер мен материалдар. Зерттеуде материал ретінде Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк және өңірлік даму банктері сияқты ірі халықаралық қаржы институттары ұсынған ресми есептер мен статистикалық деректер, сондай-ақ туристік бастамаларды қолдайтын қорлар мен үкіметтік емес ұйымдардың арнайы баяндамалары пайдаланылды. Сонымен қатар, жобаларды қаржыландыру әдістері мен қарусыздандырудың тиісті өңірлердегі экономикалық процестерге әсерін сипаттайтын ғылыми жарияланымдар талданды. Туризмді дамыту мен қаржыландыруды

реттейтін халықаралық келісімдер мен нормативтік құжаттар құқықтық және саяси аспектілерді нақтылау үшін қолданылды. Зерттеудің негізгі әдісі ретінде қарусыздандыруды бастан кешкен әртүрлі өңірлерде іске асқан бағдарламалар мен жобаларды салыстырмалы талдау таңдалды. Инвестиция көлемінің динамикасы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайға әсерін анықтау үшін туристік бастамаларды жүзеге асыру барысын көрсететін ресми есептер мен БАҚ материалдарына контент-талдау жүргізілді. Халықаралық институттар, үкіметтер және жергілікті қауымдастықтар арасындағы туристік жобалардағы ынтымақтас-тықтың күшті және әлсіз жақтарын айқындау мақсатында SWOT-талдау әдісі пайдаланылды. Сонымен қатар, қарусыздандыру кезеңінен кейін қаржыландыру алған нақты жобаларды терең зерделеу үшін кейс-әдісі қолданылды. Мәліметтердің объективтілігін қамтамасыз ету үшін ақпарат бірнеше көзден жүйелі түрде жиналды: аналитикалық шолулар, жергілікті билік өкілдері мен жобалардың жетекшілерімен сұхбаттар, сондай-ақ аталған өңірлерді аралаған зерттеушілердің далалық есептері. Алынған нәтижелер халықаралық орнықты даму стандарттарымен салыстырылып, қаржы институттары мен қорлардың өңірлердің туристік әлеуетін арттыруға және олардың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын нығайтуға қосқан үлесінің тиімділігі бағаланды. Осылайша, талданған материалдар мен қолданылған әдістер қарусыздандыру өңірлерінде халықаралық қаржы институттары мен қорлардың туристік жобаларды қалыптастыру және ынталандырудағы рөлін айқындайтын негізгі заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер. Бұл зерттеуде жинақталған мәліметтерге статистикалық, салыстырмалы талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Атап айтқанда, кестеде көрсетілген сандық көрсеткіштерді (қаржыландыру көлемі, жаңа жұмыс орындарының артуы, туристер ағыны және т.б.) бір-бірімен салыстыру арқылы нақты жобалардың тиімділігі бағаланды. Сонымен қатар, ресми есеп-

тер мен БАҚ материалдарына жүргізілген контент-талдау нәтижесінде халықаралық институттар мен қорлардың қолдауы туралы қоғамдағы пікірлер мен сарапшылардың сыни ескертулері жүйелендіріліп, инфрақұрылым мен әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпалы зерделенді. Бұл талдау жұмыстары туристік жобаларды жүзеге асыру барысында қандай ішкі және сыртқы факторлар ықпал ететінін анықтауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелерді талдау барысында халықаралық институттардың (Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, аймақтық даму банктері) және түрлі қорлардың туристік бастамаларды қаржыландыру механизмдері, олардың тиімділігі, туындайтын күрделі мәселелері мен жаңа мүмкіндіктері ашып көрсетілді. Зерттеу нәтижелерінің маңызын толыққанды сипаттау үшін біз өзіміздің деректерімізді бұрынғы ғылыми еңбектердегі [6, б. 103-114], сарапшылардың қорытындыларындағы [7, б. 542-555], сондай-ақ халықаралық ұйымдардың ресми есептеріндегі ақпаратпен [8, 9] салыстыра отырып талдадық.

Салыстырмалы талдау жүзеге асыру барысында, зерттеудің ғылыми және тәжірибелік мәселелігін түсін үшін, келесі кейс-мысал келтіруге болады. Төменде екі нақты постқақтығыстық өңірдің (Босния және Герцеговина мен Руанда) салыстырмалы талдау үлгісі берілген, бұл өңірлерде халықаралық қаржы институттары мен қорлар туризм мен инфрақұрылымды әр жылдары қолдап келген. Мысал ретінде:

- Босния және Герцеговина (1992–1995 жж. соғыстан кейінгі кезең) [2, б. 65];

- Руанда (1994 жылғы геноцидтен кейінгі кезең) [3, б. 45];

Бұл кестеде көрсетілген сандық деректер шамалас көрсеткіштер болып табылады және олар Әлемдік банк, ХВҚ (Халықаралық валюталық қор), БҰҰДТҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік туристік ұйымы) және басқа да ашық ақпарат көздерінің жарияланған есептері мен баяндамаларына сүйенеді (уақыт пен әдістемеге байланысты нақты сандар өзгешеленуі мүмкін).

Кесте 2 – Босния және Герцеговина мен Руанда салыстырмалы талдау үлгісі

Көрсеткіштер	Босния және Герцеговина	Руанда
Қаржыландырудың негізгі көздері	- Әлемдік банк (World Bank),- Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ),- Еуропалық инвестициялық банк (ЕІВ),- Әртүрлі еуропалық қайта құру қорлары	- Әлемдік банк (World Bank),- Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC),- Африкалық даму банкі (AfDB),- Жаһандық экологиялық қорлар
Инвестициялардың негізгі мақсаттары мен бағыттары	- Тарихи қалалық орталықтарды (Мостар, Сараево) қалпына келтіру, - Тау шаңғысы курорттарын дамыту, - Жолдар мен қонақүйлерді қайта құру, - Мәдени туризм арқылы бейбітшілікке жәрдемдесу	- Экотуризм (горилла, «Вулкандар» ұлттық паркі, «Акагера» паркі), - Ауыл шаруашылығы және агротуризмді қолдау, - Жергілікті гидтердің біліктілігін арттыру, - «Татуласу» идеясын қолдайтын қоғамдық жобалар

2-кестенің жалғасы

Туризмнің ЖІӨ-дегі үлесі	Шамамен 10–12% (COVID-19-ға дейінгі кезеңде әртүрлі бағалау бойынша)	Шамамен 11–14% (әсіресе экотуризм мен оған қатысты қызметтер есебінен)
Соңғы 10–15 жылдағы туристер санының өсуі	+300–350% (әсіресе еуропалық және Таяу Шығыстан келетін туристердің артуы байқалды)	+400–450% (негізгі себеп – горилланы бақылауға келетін туристер, сондай-ақ іскерлік және конференциялық туризмнің өсуі)
Жұмыссыздық деңгейі / Туризм саласындағы жұмыс орындары	- Жұмыссыздық: шамамен 15–20%- Тікелей не жанама түрде туризм саласында жұмыс істейтіндер – жалпы жұмыс күшінің 20%-ына дейін (WTTC және жергілікті зерттеулер бойынша)	- Жұмыссыздық: шамамен 13–16%- Жұмыс күшінің шамамен 17–20%-ы туризм немесе оған қатысты салаларда еңбек етеді
Қиындықтар / Тәуекелдер	- Этникалық және саяси келіспеушіліктер, - Ауылдық жерлердегі инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, - Бюрократиялық кедергілер салдарынан ірі инвестицияларды тарту күрделі	- 1990-жылдардағы қайғылы оқиғаларды еске алу, - Туристер санының көбеюі мен горилланың тіршілік ету ортасын сақтау арасындағы тепе-теңдікті ұстау, - Туризмнен түсетін табысты жергілікті қауымға әділ бөлісу механизмдері
Халықаралық қолдаудың негізгі нәтижелері	- Мәдени мұраны (Мостар көпірі т.б.) қалпына келтіру жүргізілді, - Яхорина тау курорты қарқынды дамуда, - Сараево маңындағы инфрақұрылым жетілдірілді, - Қонақүй бизнесіне жаңа инвесторлар келді	- «Руанда экотуризмі» бренді қалыптасты, - Горилла мен ұлттық парктарды сақтауға арналған бағдарламалар нығайтылды, - Жергілікті тұрғындарды оқыту және қосу жөніндегі әлеуметтік бастамалар жүзеге асырылуда
Туризмді одан әрі дамыту бағдарламалары	- Халықаралық маркетингті және бренд қалыптастыруды кеңейту (Балқан мәдениеті, гастрономиялық туризм), - Қонақжайлылық саласындағы кадрлардың біліктілігін арттыру, - Шетелдік инвесторларға арналған рәсімдерді жеңілдету	- Агротуризм мен мәдени бағыттарды әртараптандыру, - МІСЕ-туризмін (конференциялар, форумдар) ынталандыру, - Мемлекеттік бағдарламалар бақылауымен көлік инфрақұрылымын жетілдіру

Ендігі кезекте сол мысалды, төменде Босния және Герцеговина мен Руанда сияқты пост-қақтығыстық өңірлерде туристік жобаларды ынталандыруда халықаралық қаржы институттары

(ХҚИ) мен қорлардың рөлін сипаттайтын SWOT-талдау кестесін қарастыратын болсақ. Кесте зерттеу барысында анықталған күшті және әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді жинақтайды.

Кесте 3 – Кесте 2 бойынша жасалған SWOT талдауы

S (Strengths) Күшті жақтары	W (Weaknesses) Әлсіз жақтары	O (Opportunities) Мүмкіндіктері	T (Threats) Қауіп-қатерлері
1. Қаржылық және сараптамалық қолдау – Қайта қалпына келтіру (жол, мәдени нысандар) үшін берілетін несиелер мен гранттар – Экотуризм (Руанда) мен тарихи орталықтарды (Босния және Герцеговина) қолдау	1. Бюрократия және күрделі әкімшілік құрылым – Басқарудың бөлшектенуі (Босния және Герцеговина) – Кейбір бюрократиялық кедергілер (Руанда)	1. Туристік өнімді әртараптандыру – Агротуризм мен МІСЕ-секторын дамыту (Руанда) – Гастрономиялық әрі мәдени-тарихи бағыттарды кеңейту (Босния және Герцеговина)	1. Қақтығыстың қайта өршуі немесе саяси тұрақсыздық – Босния және Герцеговинадағы саяси тұрақсыздық ықтималдығы – Орталық Африка өңіріндегі жанжалдардың Руандаға әсер ету қаупі
2. Халықаралық стандарттар мен технологияларға қолжетімділік – Тұрақты даму тәжірибелерін және бейбітшілікті нығайтуды енгізу – Шетелдік сарапшылар көмегімен туристік саланы басқару сапасын арттыру	2. Жергілікті кадрлардың жетіспеушілігі мен біліктілік деңгейінің төмендігі – Туризм саласында тәжірибелі мамандардың (гид, IT, менеджер) аздығы – Қосымша оқыту мен біліктілікті көтеруді қажет ету	2. Әлеуметтік бірлікті күшейту – Әртүрлі этностық топтарды жақындастыратын бағдарламалар (Босния және Герцеговина) – Ортақ экожобалар арқылы қоғамның ынтымақтастығын нығайту (Руанда)	2. Экологиялық тәуекелдер және «овертуризм» – Горилла мекен ететін табиғи ортаның жойылу қаупі (Руанда) – Тарихи нысандарды қалпына келтіруде түпнұсқалықты сақтамау қаупі (Босния және Герцеговина)
3. Нарыққа деген сенімділікті арттыру – Инвестициялық тәуекелдерді азайту – Аймақтың имиджін жақсарту (конфликт, кедейлік ұғымынан алшақтау) арқылы туристер мен инвесторларды тарту	3. Ашықтықтың жеткіліксіздігі – Қаражатты бөлуді бақылау жүйесінің әлсіздігі – Коррупциялық тәуекелдерге жол ашатын тетіктердің болуы	3. Тұрақты даму және экологиялық тепе-теңдік – Биологиялық өртүрлілікті қорғау жобаларын қарқынды жүргізу (Руанда) – «Жасыл» бастамаларды енгізу (энергия үнемдеу, қалдықтарды қайта өңдеу)	3. Әлемдік экономикалық дағдарыстар мен пандемия салдары – Жаһандық туризм ағынының құлдырауы (экономикалық дағдарыс, рецессия) – Инвесторлар белсенділігінің төмендеуі және халықаралық мобильділіктің шектелуі

Осы SWOT-талдауды пайдалану арқылы халықаралық қаржы институттары мен қорлар және жергілікті басқару органдары бірлесіп, туризмнің дамуына қатысты тиімді стратегияларды әзірлеп, әлеуетті проблемалар мен мүмкіндіктерді барынша ескере алады.

Сондай-ақ, зерттеуде біз қарастырған халықаралық қаржы институттары мен қорлар, ең алдымен, жеңілдетілген несие беру, гранттар бөлу және техникалық көмек көрсету арқылы туристік жобаларды қолдауға басымдық беретінін анықтадық [10, б. 275-288]. Мәселен, Халықаралық валюта қоры көбіне макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған саясаттарды ұсынуымен танылғанымен, кей жағдайларда әскери қақтығыс немесе қару-жарақ өндірісінен зардап шеккен елдерге әлеуметтік-экономикалық реформаларды қолдау мақсатында жеңілдетілген несиелер бөледі [11]. Дүниежүзілік банк болса, жергілікті инфрақұрылымды қалпына келтіруге, жолдар мен инженерлік құрылымдарды жақсартуға, соның ішінде туристік нысандарға апаратын жолдарды жөндеуге қомақты қаражат бөлуде [9]. Ал аймақтық даму банктері (Азия даму банкі, Еуропа қайта құру және даму банкі) өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, туризм секторын қаржыландыруда жеке бағдарламалар ұсынады [12]. Бұл институттар тек қаражатпен ғана емес, сарапшылық білім, техникалық қолдау арқылы да көмек береді.

Қарусыздандырудан кейінгі өңірлерде экономикалық қызметтің түрлерін әртараптандыру қажеттілігі артады [13, б. 811-829]. Әскери өндіріс немесе қару-жарақ нарығы негіз болған аумақтарда осы сала жабылғаннан кейін, жергілікті халықты жұмыспен қамту маңызды мәселе ретінде көтеріледі. Туризм саласын дамыту осындай өңірлер үшін барынша қолайлы шешімдердің бірі болып отыр. Себебі бұл сала салыстырмалы түрде төмен бюджеттік шығынмен өмірге келіп, көптеген жаңа жұмыс орнын жылдам құруға мүмкіндік береді және жергілікті мәдени-тарихи нысандарды таныстыру арқылы өңірдің халықаралық аренадағы беделін арттырады. Зерттеуіміз көрсеткендей, халықаралық қаржы институттары туристік бастамаларды қолдау арқылы өңірдегі инвестициялық тәуекелдің төмендеуіне де мүдделі, себебі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық қамтамасыз етілген жерге болашақта шетелдік капитал келуі оңайырақ болады.

Бұрынғы ғылыми еңбектерде және талдауларда халықаралық қаржы институттары көбіне өнеркәсіп саласын жаңғыртуға, көлік инфрақұрылымын жетілдіруге немесе әлеуметтік

бағдарламаларға назар аударатыны айтылған. Алайда соңғы онжылдықта, әсіресе 2010 жылдан бері, Дүниежүзілік банк пен аймақтық даму банктері туризмнің әлеуетін жаңа экономикалық мүмкіндік ретінде көре бастағаны айқын сезіледі. Біздің зерттеуіміз осы үрдісті қуаттайды: халықаралық институттар тарапынан туризм индустриясына бағытталған гранттар мен несиелердің соңғы бес жыл ішінде нақты өсім бергені байқалады. Бұл өзгерістер қарусыздандырылған өңірлердің инфрақұрылымын қалпына келтіру мен тұрақты дамуға қол жеткізу мақсатында туризмді тиімді құрал ретінде пайдалану қажеттілігінен туындап отыр [14, б. 88-102].

Зерттеу нәтижелері бойынша ірі халықаралық қорлар (мысалы, мәдени мұраны сақтау қорлары, экологиялық қорлар) да қарусыздандырудан кейінгі өңірлерде туризм саласын дамытуға айтарлықтай үлес қосатынын көрсетті [15, б. 1-21]. Бұл қорлар тек қаржылық көмекпен шектелмей, жобаларды іске асыру үшін сарапшылар тарту, маркетингтік стратегияларды әзірлеу, кадрларды оқыту ісінде қолдау көрсетеді. Осындай көпсалалы көмек жергілікті бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, тәуекелдерді азайтады. Жергілікті әкімшіліктер мен үкіметтік емес ұйымдар да қорлардың бөлген гранттарын алу арқылы өңірдің туризм әлеуетін дамытуға қажетті шағын және орта кәсіпорындарды қолдауды іске асырады. Мысалы, музейлер мен тарихи орындарды қайта жаңғырту, экологиялық соқпақтар ашу, мәдени фестивальдер өткізу сияқты жобалар осы өңірлерге туристердің назарын аударуға ықпал етеді [16, б. 45-62].

ҮЕҰ көбінесе халықаралық қаржы институттарынан немесе қорлардан бөлінген қаражаттың жергілікті тұрғындарға тиімді жетуін қамтамасыз ететін делдал қызметін атқарады. Олар өңірдегі әлеуметтік топтардың мүддесін зерттеп, жобалардың нақты қажеттіліктерге сай жасалуына жәрдемдеседі. Сонымен қатар, ҮЕҰ тұрғындар арасында туризмнің артықшылықтары жөнінде ақпарат таратады, арнайы тренингтер мен оқыту бағдарламаларын ұйымдастырады. Зерттеу барысында сұхбаттасқан жергілікті билік өкілдері ҮЕҰ-лардың араласуы нәтижесінде жобалардың ашықтығы мен есептілігі жоғарылайтынын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің азаятынын атап өтті.

Ғылыми әдебиетте және сарапшылардың есептерінде ҮЕҰ-лар мен халықаралық қорлардың гуманитарлық, әлеуметтік салаларда белсенді рөл атқаратыны көптеп айтылса да, туризмге қатысты жобалардағы қызметі туралы деректер біршама

шектеулі. Біздің жұмысымыз осы олқылықты толықтыруға талпыныс жасады. Жинақталған мәліметтер халықаралық қорлар мен ҰЕҰ-лардың бірлескен әрекеті өңірдің туристік әлеуетін ашып қана қоймай, қарусыздандыру процесінің экономикалық-әлеуметтік әсерін жұмсартуға ықпал ететінін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері қарусыздандырылған өңірлерде іске қосылған туристік жобалардың жергілікті халықты жұмыспен қамтуда маңызды рөл атқаратынын айқындады. Бұрынғы әскери инфрақұрылым немесе жатақхана типтес ғимараттардың туристік нысандарға бейімделуі – жаңа жұмыс орындарын құрудың тиімді жолы. Кейбір өңірлерде демалыс орындары, тау шаңғысы курорттары және экологиялық саябақтар ашылып, қызмет көрсету саласын кеңейтуде. Нәтижесінде, жергілікті бюджетке түсетін салықтық түсімдер ұлғайып, шағын және орта бизнес субъектілерінің саны артты. Халықаралық институттар мен қорлар бөлген гранттар есебінен жарнамалық және маркетингтік жұмыстар да жанданып келеді. Бұл сырттан келетін туристер ағынын көбейтіп, халықтың әл-ауқатын жақсарту үрдісін жеделдетті. Мысалы, зерттеу деректері бойынша қарусыздандырылған және халықаралық ұйымдардан қаржылық көмек алған кей өңірлерде туризм саласының жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 5-8%-ға жетіп, инфрақұрылымы жақсы дамыған жерлерде 10%-дан да асқанын көрсетті [8].

Туризм – экономикалық пайдамен қатар, әлеуметтік және мәдени өрлеуді ынталандыратын сала. Қарусыздандырудан кейін бірқатар өңірлерде тарихи ескерткіштер мен мәдени мұраларға деген қызығушылықтың күшеюі байқалады. Жергілікті қауымдастықтың рухани бірлігін нығайтуға бағытталған фестивальдер мен мәдени шаралар көбейді. Зерттеу сұхбаттарына қатысқан респонденттердің басым бөлігі қарусыздандырудан кейінгі ахуалды «бейбіт әрі жаңашыл кезең» деп сипаттап, қақтығыстардың азайғанын, жұмыссыздық деңгейінің төмендеп келе жатқанын, жастардың шағын кәсіпкерлікке құлшынысының артқанын атап өтті. Бұл үрдістердің түп-тамырына үңілсек, халықаралық қаржы институттары мен қорлардың қолдауымен дамыған туризмнің жаңа мүмкіндіктер ашуы себеп болғанын байқаймыз [13].

Қарусыздандырылған өңірлердегі туристік жобалардың табиғатқа тигізетін әсерін бағалау да маңызды мәселе. Бұрынғы әскери полигондар немесе өндірістік кешендер орналасқан аймақтарда ластанған жерлерді қалпына келтіру шаралары жүргізілуде. Халықаралық қорлар

мен институттар бұл бағытта да арнайы гранттар мен техникалық көмек ұсынуда. Бұл экологиялық ахуалды тұрақтандыруға, тіпті экологиялық туризмді дамытуға алғышарттар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Экологиялық туризмнің басты мақсаты – жергілікті табиғат пен экожүйені сақтау, сонымен қатар жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыру. Біздің зерттеуімізде қарусыздандырылған өңірлерде экотуризм бағытындағы жобалардың қарқын алуы өңірдің халықаралық беделін көтеретінін де көрсетті. Қорлар мен институттардың қаржысына ұлттық саябақтар, ерекше қорғалатын табиғи аймақтар мен экологиялық соқпақтар ашылып, келушілерге арналған инфрақұрылым дами түсті. Нәтижесінде, жергілікті қауымдастықтың табиғатты аялауға деген ынтасы өсіп, экологиялық ағартушылық шаралар кеңінен тарала бастады.

Бұрын жүргізілген зерттеулердің бірқатарында қарусыздандырылған өңірлерде туризмнің дамуы өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз ету мен экономиканы қайта қалпына келтірудің тиімді жолы ретінде аталып өткен. Біздің зерттеуіміз де осы тұжырымды қуаттайды. Дегенмен, бұрынғы еңбектерде инфрақұрылымдық жетіспеушілік, құқықтық базаның әлсіздігі мен саяси тұрақсыздықтың туризмге кедергі жасайтыны жан-жақты талданған. Біз жинаған деректер де мұны растайды, алайда халықаралық қаржы институттары мен қорлар қолдау көрсететін өңірлерде бұл кедергілерді жұмсартудың тиімді механизмдері бар екенін көрсеттік. Басқа сараптамалық есептерде туризмнің кемшіліктері мен әлсіз жақтары да сөз болады. Мысалы, туристік маусымдықтың өзгеруі, табиғи ресурстардың артық пайдаланылуы және мәдени коммерциялану қаупі. Біздің зерттеу барысында да маусымдық ауытқулар мен экологиялық жүктеменің көбеюі туралы ақпараттар айтылды. Осыған байланысты халықаралық ұйымдардың қаржыландыруы аясында тұрақты даму қағидаттарын сақтау, әлеуметтік жауапкершілік механизмдерін енгізу маңызды екені атап өтілді.

Талқылау. Алынған нәтижелерді талдау барысында бірқатар негізгі мәселелер анықталды. Атап айтқанда, туризмнің қарқынды дамуына кедергі келтіретін инфрақұрылымдық шектеулер, бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі, кадрлардың біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігі және сыбайлас жемқорлық қатерлері сияқты мәселелер жүйелі түрде анықталды. Бұл мәселелердің шешімін табу үшін төмендегі іс-қимылдар ұсынылады:

1. Халықаралық қаржы институттары мен қорлардың жеңілдетілген несиелері мен грант-

тары негізінде инфрақұрылымды (жол, инженерлік желілер) кешенді түрде жаңғырту;

2. Жергілікті билік пен ҮЕҰ-лар бірлесіп, туристік кадрларды (гид, менеджер, маркетинг) даярлау мен біліктілігін арттыруға бағытталған оқу бағдарламаларын әзірлеу;

3. Құқықтық базаны жетілдіру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейту арқылы инвестициялардың ашықтығын қамтамасыз ету [8].

Халықаралық институттардың (Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, аймақтық даму банкі) және түрлі қорлардың туристік бастамаларды қаржыландыру механизмдері, олардың тиімділігі мен туындайтын қиындықтары талданғаннан кейін де, жоғарыда аталған мәселелерді еңсеруге қосымша кешенді стратегиялар қажет екені байқалды. Мәселен, заңнамалық және нормативтік базаны жетілдіру — жобалардың орындалуына біршама жеңілдік берсе, ал зерттеу негізінде анықталған нәтижелер халықаралық қауымдастықтың аталған аймақтарға назар аударуын одан әрі ынталандыруға арналған тетік ретінде қызмет етеді [9].

Туризм саласы көптеген тәуекелдермен қатар жүреді: инфрақұрылымдық шектеулер, құқықтық базаның әлсіздігі, экологиялық тепе-теңдікті сақтау қажеттілігі және маусымдық факторлар. Мұндай кедергілерді еңсеру үшін кешенді стратегия қажет, онда халықаралық қаржы институттары мен қорлардың көмегіне қоса, жергілікті басқару органдарының, тұрғындар мен кәсіпкерлердің ынтымақтастығы зор маңызға ие болады.

Сонымен қатар, халықаралық қаржы институттарының туризмді қаржыландырудағы қызметі әрдайым бірдей тиімді бола бермейтінін атап өткен жөн. Carrillo-Hidalgo және Pulido Fernández [17, 76–77] өз зерттеуінде халықаралық институттар бөлетін қаражаттың қайтарымдылығы мен нәтижелілігіне әсер ететін бірнеше факторды сыни тұрғыдан талдаған. Авторлардың пікірінше, қаржыландыру механизмдері кейде жергілікті деңгейдегі талаптар мен заңнамалық шектеулерге сәйкес келмеуі мүмкін, сондай-ақ әлеуметтік және мәдени ерекшеліктер ескерілмей қалуынан туындайтын тәуекелдер де орын алады. Демек, халықаралық ұйымдардың инвестициялық стратегияларын өңірлік контекстке икемдеп, қаржы жүйелерінің ашықтығы мен есептілігіне басымдық беру қажеттігі осы зерттеуде де аталған тұжырымдармен үндесіп жатыр.

Бұрынғы зерттеулерге сүйене отырып, біз халықаралық ұйымдар тарапынан дұрыс жоспарланған және ашықтық қағидаларына негізделген жобалардың ұзақмерзімді әрі орнықты нәтиже

беретінін растадық. Демек, қарусыздандырылған өңірлерде туризмді қолдауға арналған қаржыландыру бейбітшілік пен орнықты дамудың кепіліне айналуы мүмкін. Бұл тек экономикалық пайда тұрғысынан ғана емес, әлеуметтік және мәдени тұрғыдан да оң өзгерістерге жол ашады.

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижелері қарусыздандырылған өңірлерде халықаралық қаржы институттары мен қорлардың туристік жобаларды қолдауын барынша тиімді пайдалану үшін жүйелі көзқарастың, құқықтық базаның, ашықтық пен есептіліктің қаншалықты маңызды екенін көрсетті [11]. Бұрынғы қару-жарақ өндірісінде немесе әскери салада қызмет еткен халыққа туризм арқылы жұмыс орындарын құруға, өңірлік имиджді түзетуге және әлеуметтік бейбітшілікті нығайтуға мүмкіндіктер берілуде. Алдағы уақытта осы бағытта жан-жақты және терең талдаулар жасалып, нақты ұсыныстар әзірленеді деп сенеміз.

Қорытынды. Бұл жұмыс халықаралық қаржы институттары мен қорлардың қарусыздандырылған өңірлерде туристік жобаларды қолдау және ынталандыру ісіндегі рөлін анықтау, сондай-ақ осы қолдаудың әлеуметтік-экономикалық әсерлерін кешенді түрде бағалауды мақсат етті. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, SWOT-талдау, кейс-әдісі және контент-талдау әдістері қолданылды. Ресми есептер, халықаралық ұйымдардың статистикалық мәліметтері және сарапшылардың пікірлері жинақталып, деректердің сенімділігіне ерекше көңіл бөлінді.

1. Халықаралық қаржы институттары (ХВҚ, Дүниежүзілік банк, аймақтық даму банкі) мен түрлі қорлар (мәдени мұра, экологиялық қорлар) қарусыздандырылған өңірлердегі туризм саласын дамытуда маңызды қаржыландыру көзі болып табылатыны анықталды.

2. Жергілікті билік пен үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігі арқасында туристік бастамаларға бөлінген гранттар мен жеңілдетілген несиелер өңірлердің экономикалық әлеуетін арттыруға ықпал етті.

3. Жергілікті қауымдастық пен туризмнің өзара байланысы нығайып, жаңа жұмыс орындары құрылып, экологиялық және мәдени нысандар сақталып, жаңғыртылды.

4. Қарусыздандырудан кейінгі өңірлерде инфрақұрылымдық және құқықтық кедергілерге қарамастан, халықаралық ұйымдар мен қорлардың қолдауы жобалардың тұрақты түрде дамуына септігін тигізетіні байқалды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, халықаралық қаржы институттары мен қорлардың көмек көрсету модельдері қарусыздандырудан кейінгі

Ғалымдар WOM-ны сипаттау және оның тұтынушылардың мінез-құлқына әсерін зерттеу үшін ғаламтордағы шолулардың мазмұнын жиі пайдаланады [22, б. 101734]. Неғұрлым нақты болжамдар алу және ұзақ мерзімді трендтерді анықтау үшін ұзақ кезеңдегі деректерді талдау, сондай-ақ пайдаланушылардың демографиялық құрамындағы өзгерістер, жаңа технологияларды дамыту және цифрлық маркетинг саласындағы

өзекті үрдістер сияқты қосымша факторларды ескеру өте маңызды.

Осыған орай «Google» әлемдік статистикасын талдай келе «Ақпаратты іздеу» 2025 жылдың басында желіге кіру үшін ең басты негіз ретінде қала бермек: ересек адамдардың ғаламторға кіру себебі 62,8% -н қажетті ақпаратты іздеу деп мәлімдеді. Сонымен қатар, 10 ғаламтор қолданушылардың 6-дан астамы «достары және отбасымен байланыста болу» басты себеп екенін атады. Әлеуметтік өзара қарым-қатынас 16-34 жас аралығындағы ғаламтор қолданушылар арасында желіге қосылудың негізгі себебі болып табылады, ал бұл уәждеме

55 және одан жоғары жастағы интернет пайдаланушылар арасында тек үшінші орынды алады [22, б. 101734].

Респонденттерге ашық үлгіде құрастырылған 3 сұрақ қойылды. Сұрақтардың мазмұны зерттеу міндеттеріне сәйкес әлеуметтік желілерінің пайдалану жиілігін, ғаламторға кіру себебін анықтау, көп іздейтін хэштег, Қазақстан бойынша туристік саяхатты жоспарлауда және туристік қызметті таңдауда әлеуметтік желілердің, онлайн-сервисстердің, факторлардың әсерін анықтауға бағытталған:

1. Қандай мақсатта ғаламторды қолданасыз?
2. Қызықтыратын бағыттар бойынша, өнім туралы тұтынған немесе сатып алған адамдардың пікірлері сіз үшін маңызды ма? Назар аударып оқисыз ба?

3. Туристiк қызметтердi, бағыттарды сатып алу мақсатында жиі қолданатын онлайн-платформалар мен веб-сайттар?

Төмендегі кестеде нақты қойылған сұрақтардың қорытындысы бойынша респонденттердің сипаттамасы мен пайыздық көрсеткіші берілген (кесте 2).

Кесте 2 – Сауалнамада 3 сұрақ қойылды, әйел адам-50, ер адам-23 қатысты, берген жауаптардың қорытындысы (%) көрсеткіш

№	Сұрақ	Жауап	Әйелдер (%)	Ерлер (%)	Барлығы (%)
1	2	3	4	5	6
1	Қандай мақсатта ғаламторды қолданасыз?	Ақпарат іздеу	40%	31%	36%
		Әлеуметтік желілер	35%	38%	36%
		Онлайн сатып алу	15%	23%	18%
		Туристiк саяхатты жоспарлау мен ұйымдастыру	10%	8%	6%
2	Қызықтыратын бағыттар бойынша, өнім туралы тұтынған немесе сатып алған адамдардың пікірлері сіз үшін маңызды ма? Назар аударып оқисыз ба?	Иә, маңызды	75%	69%	73%
		Орташа, қажет кезде қараймын	20%	23%	21%
		Жок, мән бермеймін	5%	8%	6%
3	Туристiк қызметтердi, бағыттарды сатып алу мақсатында жиі қолданатын онлайн-платформалар мен веб-сайттар?	Booking.com	30%	35%	32%
		TripAdvisor	20%	15%	18%
		Kaspi Travel	40%	30%	36%
		Google, Instagram, Facebook т.б.	10%	20%	14%

Ескертпе: Кесте авторлардың зерттеу нәтижелері негізінде құрылды

Кестеде көрсетілген сауланаманың жауаптарына қорытынды есебіне тоқталатын болсақ төмендегідей нақты көрсеткіштер айқындалды, сауалнама сұрақтары пайыздық (%) көрсеткіште: интернетті пайдалану мақсаты: ақпарат іздеу және әлеуметтік желілерді пайдалану 36% құраса, туризм мен демалысты жоспарлау аз үлеске ие (6%) болды. Қатысушыларға онлайн-пікірлердің (отзывтар) маңыздылығы пайыздық көрсеткішпен 73% құрады, яғни туристік индустриядағы барлық кешенді құрылымдар мен қонақ үйлер үшін сапалы пікір қалдыруға ынталандыру маңызды. Сондай-ақ 21% қатысушы қажеттіліктер туындаған кездерде ғана, орта деңгейде пікірлерді қарап талдайтынны анықталды. Бұл шынайы уақыт пен сапаға сәйкес осы сәттегі пікірлерді жүйелеп жариялау қажеттігін көрсетеді.

Зерттеудің тәжірибелік кезенді қорыта келе эмпирикалық анализ негізінде анықтағанмыз:

1. Онлайн-платформалар туристердің шешім қабылдау процесінде маңызды рөл атқарады. Олар туристік қызметтердің әртүрлі нұсқаларын

іздеу мен салыстыру үшін ыңғайлы интерфейс ұсынып, брондау және төлем жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

2. Басқа туристердің онлайн салған пікірлері туристердің таңдауларына елеулі әсер етеді. Позитивті пікірлер сатып алуды ынталандыруы мүмкін, ал теріс пікірлер әлеуетті клиенттерді тартпауға себеп болуы ықтимал.

3. Қазақстандық туристер туристік қызметтерді жоспарлау мен сатып алу үшін онлайн-платформаларды жиі пайдаланатыны анықталды.

4. Әлеуметтік желілер туристік таңдауларды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Туристер өз тәжірибелерімен әлеуметтік желілерде бөлісіп, барған туристік нысандары, жерлері туралы фотосуреттер мен пікірлер жариялап, басқа саяхатшылардың таңдауларына әсер етеді.

Зерттеу барысын қорытынды жасау кезінде сауалнама нәтижелері мен туристік агенттіктің мамандарының ұсыныстары мен сұхбат нәтижесі жүйеленіп, төмендегідей негізгі нәтижелер анықталды:

Зерттеу нәтижесінде айқындалған кемшіліктерге:

- Қазақстанда туристік индустрияда әлеуметтік желілерді пайдалану мәселелері;
- бірегей контенттің болмауы және әлеуметтік желілерді тиімсіз пайдалану;
- пайдаланушылар үшін қолжетімділікті төмендететін сайттардың мобильді нұсқаларын шектеулі пайдалану.

Желіде болуының төмендігі:

- Туристік навигация үшін Google және Yandex карталарын әлсіз пайдалану;
- халықаралық платформалардағы белсенділіктің төмен деңгейі («TripAdvisor», «Booking.com»), бұл әлеуетті клиенттердің қолжетімділігін шектейді.

Онлайн қарым-қатынас дағдылары:

- Туристік агенттіктер тиімді онлайн байланыста және әлеуметтік желілер арқылы өз қызметтерін ілгерілетуде қиындықтарға тап болады.

Аналитикалық құралдарды қолданбау:

- Көптеген агенттіктер өздерінің онлайн стратегияларының тиімділігін бағалау үшін аналитикалық құралдарды пайдаланбайды.

Ұсыныстарымыз:

- Туризм индустриясындағы барлық мекемелер мен қонақ үйлер анықтағандай әлеуметтік желілер мен веб-сайттарда орналасқан онлайн-пікірлердің сапалы болуына, жиі қалдырылуына көңіл бөліп, сенімді пікірлерді көбейтуі қажет.

- «Kaspi Travel», «Booking.com» және «TripAdvisor» платформаларында қызметтер мен ұсыныстарды күшейту.

- Отандық саяхатты жоспарлап, ұйымдастыратын саяхатшылар мен қонақтар үшін жергілікті, өзіміздің сайттарды («kazakhstan.travel», «e-Qонақ») дамыту, танымалдылығын көтеру. Бүгінгі таңда туризм индустриясы өзінің тұрақты қарқынымен дамып келеді, бірақ онлайн брондау, туристік әлеуетті дамыту мақсатында тұтынушылардың онлайн- пікірлерге сенімділігін арттыру маңызды, бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолында платформалар мен сервистердің интерфейстерін дамыту, түрлендіру қажет.

Талқылау. 2023 және 2024 жылдары Қазақстанның туристік индустриясының сандық трансформациясы саяхатты жоспарлаудың барлық кезеңдерінде онлайн ақпаратты іздеуден бастап брондау мен саяхатты бағалауға дейін онлайн-платформаларды пайдаланудың тұрақты үрдісін көрсетіп отыр. Бұл үрдіс, ең алдымен, туристерге демалыс ұйымдастыру процесін өз бетінше басқаруға мүмкіндік беретін сандық құралдардың ыңғайлылығы мен қол жетімділігіне байланысты. Қазақстанның ресми туристік порталы ретінде қызмет ететін «kazakhstan.travel» ұлттық платформасы көрікті жерлер, маршруттар, оқиғалар мен қызметтер туралы толық ақпаратты бірнеше тілде, соның ішінде ағылшын, қытай және орыс тілдерінде ұсынады, бұл әлеуетті туристер аудиториясын айтарлықтай кеңейтеді. «e-Qонақ» туристерді есепке алу жүйесі туристік инфрақұрылымды дамыту үшін қажетті статистикалық деректерді жинауды қамтамасыз етумен қатар, туристердің елдегі қозғалысын тіркей отырып, саяхат қауіпсіздігін арттыруға жанама түрде ықпал етеді [23]. Қазақстанның жаһандық туристік қоғамдастыққа интеграциясы жолында туристік қызметтерді ұсынатын қазақстандық мамандандырылған сайттар мен қосымшалардың саны артып [23], бәсекелестік ортаны құру және тұтынушы үшін таңдауды кеңейту байқалады.

Заманауи материалдармен, дереккөздермен танысу нәтижелері зерттеушілердің тұтынушылар туралы онлайн шолулардың әсерінің әртүрлі аспектілеріне назар аударатынын көрсетеді, бірақ кемшіліктер әлі де бар. Мәселен, мәдениетаралық аз зерттелген қабылдаудағы айырмашылықтар [24, б. 35-47]. Келесі, мәселе қалыптастыруға ұзақ мерзімді әсер ету тұтынушылардың адалдығы аз ашық күйінде қалады. Ғылыми ортадағы келіспеушіліктер сенімділікті бағалау барысында басталады: авторлардың бір бөлігі фейктерді анықтау технологияларын дамытуға баса назар аударады, ал басқалары субъективті тәжірибеге назар аударады екен [24, б. 35-47].

Тұжырымдай келе, әлеуетті туристерге әсер ететін онлайн-пікірді төмендегі кестеде келтірілген (кесте 3) факторлары бойынша топтастыруға болады.

Кесте 3 – Сатып алуға дейін апаратын факторлардың сипаттамасы.

Факторлар	Тұтынушының ниеті	Сатып алуға дейін жеткізу ниеті
Онлайн шолу	Бар болуы маңызды	Онлайн шолудың сапасы тікелей әсер етеді
Онлайн-пікір	Бар болуы маңызды	Оң, сенімді, сапалы пікір
Шолу мен пікірдің көлемі(саны/рейтинг)	Бар болуы маңызды	Тәуекелдерді қарастыру
Шолу мен пікірдің ұзақтығы	Бар болуы маңызды	Мақсатқа байланысты шынайылық маңызды
Шолу мен пікірдің сапасы	Бар болуы маңызды	Шынайылық, баға сәйкестігі
Шолу мен пікірдің сенімділігі	Бар болуы маңызды	Сенімділігін айқындау

Сатып алу шешiмiне дейiн апаратын факторларды қарастыра келе онлайн-пiкiрдiң (кесте 3) оң көзқараста болуы, рейтингi, мәтiннiң шынайылығы, қолжетiмдiлiгi өте маңызды әсерлердiң бiрi және тұтынушының мiнез-құлқына елеулi түрткi болары сөзсiз.

Алайда, таңдау туралы түпкiлiктi шешiм факторлардың жиынтығына байланысты. Әлеуметтiк желiлердегi жағымды пiкiрлер қонақ үйлер, туроператорлар мен жеке қызметтерге деген сенiмнiң деңгейiн едәуiр арттырады, беделiн қалыптастырады. Ақпараттық агенттiктерден, мамандандырылған блогтардан және жол нұсқаулықтарынан алынған кәсiби кеңестер де маршрутты қалыптастыруға елеулi ықпал етедi [25]. Соңында, жеке тәжiрибе немесе таныстардың әңгiмелерi маңызды рөл атқарады, әсiресе таңдаған бағытына қайтып келсе, яғни бiрнеше рет туристiк бағытты тамашаласа. Қызметтiң бағасы, әсiресе iшкi саяхатты жоспарлау кезiнде, әртүрлi бюджеттер үшiн әртүрлi саяхат нұсқаларын ұсынуды икемдi баға саясатын құруды талап ететiн негiзгi факторлардың бiрi болары сөзсiз.

Дегенiмен, оң үрдiске қарамастан, туристiк қызметтердiң жалпы көлемiндегi онлайн тiркеу үлесi әлi де әлемдiк стандарттардан артта қалып отыр. Мемлекеттiк статистикалық орталықтардың зерттеуiне қарасақ Қазақстандағы әлеуметтiк желiлердiң 2023 жылы төмендегiдей көрсеткiш бердi: интернет пайдаланушылар саны: 2023 жылдың басында Қазақстанда 17,73 миллион интернет пайдаланушы болды, бұл елдiң бүкiл халқының санын құрайды. Әлеуметтiк желiлерде қолдану бойынша танымалы Instagram: 10,45 миллион пайдаланушысы болды, бұл жалпы халықтың 53,6% құрайды. Келесi танымалдылығы артып келе жатқан түрi TikTok, оның шамамен 10,41 миллион пайдаланушысы бар. Тағыда танымалдығы артып келе жатқан желi Facebook: екi миллионнан астам пайдаланушысы бар (халықтың шамамен 11%). Әлеуметтiк желiлердi пайдаланушылар негiзiнен 18 жастан асқан адамдардан (86,3%), ерлерге (43,5%) қарағанда әйелдер (56,5%) басым [25].

Онлайн туризм индустриясының өсуi әлемде негiзiнен технологиялық жетiстiктердi пайдаланумен байланысты, процеске туристiк қызмет провайдерлерi жаңа технологияларды пайдалана отырып, туристiк агенттiктер бiрнеше қызмет көрсететiн бiрыңғай платформаларды жасай алғаны туралы нюансты қосу керек. Осының арқасында саяхат процесi физикалық тапсырыстардан веб-брондауларға, содан кейiн мобильдi платформаларға айтарлықтай ауысты. Онлайн туристiк агенттiктер пайдаланушылар

көтермелейтiн көлiктiң барлық түрлерi мен орналастыру нұсқаларын бiрiктiрдi.

Интернет-туризмнiң өсуiне әсер ететiн негiзгi факторлардың қатарында әлеуметтiк желiлердiң әсерi бар. Әлеуметтiк медианың кең таралуы, сондай-ақ электрондық коммерция сайтында керi байланыс пен түсiнiктеме беру мүмкiндiгi адамдарға өз тәжiрибелерiмен бөлісуге және қонақ үйлердiң жұмысы туралы пiкiрлер қалдыруға көмектеседi. Мұның жарқын мысалы – «TripAdvisor» платформасы. Бұл үдерiске мобильдi қосымшалар мен онлайн шешiмдердi қолданудың артуы онлайн туризм нарығын одан әрi iлгерiлетуге ықпал ететiнi сөзсiз. Тұтынушылардың онлайн пiкiрлерi негiзiнде қызметтердi қалыптастыру туристiк платформаларға сенiмдi қамтамасыз етедi және онлайн қызметтердi сатып алушылардың санын арттырады.

Қорытынды. Зерттеу үрдiсiнде отанымыздағы туристiк нарықтағы ерекше бiр сипаты, ол онлайн-платформалар мен әлеуметтiк желiлердiң белсендi дамуы, бiз зерттеген «Instagram», «Facebook» және «TikTok». Зерттеу әдiстерiнiң негiзiнде қорытынды нәтиже 73% тұтынушы мiндеттi түрде онлайн пiкiрлер мен жеке көзқарасты ақпаратқа мән берiп шешiм қабылдайтыны анықталды. Ғаламтор желiсiнде орналасқан пiкiрлердiң заңдылығы да анықталды, нақты атап айтса, саяхатты жоспарлап, ұйымдастырушы тұтынушы желi бетiндегi «қанағаттанады/қанағаттанбайды» деген критерийден бөлек, саяхаттаған бағыттары бойынша ақпаратқа, суреттердiң сапасына, бейнежазбаларға, шынайы уақытта берiлген тұтынушының жеке тәжiрибесiне үлкен назар аударып өз саяхатын таңдауда шешiм қабылдайды.

Ғаламтор аудиториясының өсуiне байланысты туристердiң бәсекеге қабiлеттiлiгi мен ыңғайлылығын арттыру үшiн елiмiзде ұлттық цифрлық жобалар енгiзiлуде, «kazakhstan.travel» ұлттық туристiк порталы көрiктi жерлерге вертуалды экскурсия мен қызметтер туралы ақпаратты ұсынады, ал «e-Qонақ» жүйесi көшi-қон қызметтерi мен аналитикалық зерттеулер үшiн [25], нақты жүйеге келтiрiлген статистикалық мәлiметтердi ұсына отырып, шетелдiк туристердi орналастыру орындарында тiркеудi автоматтандырған.

Практикалық қорытынды. Зерттеу туристiк бизнес үшiн әлеуметтiк желiлердiң, онлайн-пiкiрлердiң аса маңызды екенiн көрсеттi. Маркетологтар оларды пайдаланушының тәжiрибесiн жақсарту үшiн, саяхат туралы толық және шынайы ақпарат, оның iшiнде баға туралы ақпарат беру үшiн пайдалануы керек [25]. Айта кету керек, ту-

ристер онлайн платформаларды жоспарлау және брондау үшін белсенді қолданады, сондықтан ақпараттың өзектілігі мен дұрыстығы табыстың кепілі болып табылады. Әлеуметтік желілер маркетинг үшін тиімді, бірақ тек SMMA (Social Media Marketing Agency) және CX (Customer experience) стандарттарына сәйкес келетін контент болған жағдайда ғана. Табыстылық мақсатты аудиторияның қалауын ескерген шығармашылық тәсілге байланысты. Бұл клиенттермен берік қарым-қатынас орнатуға көмектеседі, маркетингтік мақсаттарға жетудің басты факторы. Сәтті бизнес – бұл клиенттерді дұрыс басқару ғана емес, сонымен қатар өзара іс-қимыл мен құрметпен сөйлесуді ынталандыру.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы туризмнің дамуында сандық технологиялар шешуші рөл атқарады деп айтуға болады. Онлайн-платформалар мен әлеуметтік желілер туристер ағымын ұлғайтып қана қоймай, елдің туристік бағыт ретінде жағымды имиджін қалыптастыруға ықпал етеді, оның мәдени мұрасын, табиғи сұлулығын

және инфрақұрылымын тиімді насихаттауға мүмкіндік береді. Цифрлық құралдарды одан әрі дамыту және цифрлық маркетингке инвестиция салу Қазақстанның туризмін одан әрі дамытуға ықпал етеді, оны әлемнің миллиондаған туристері үшін қолжетімді және ыңғайлы етеді. Алайда, туристердің жеке деректерін қорғау және киберқауіпсіздік мәселелеріне де назар аудару қажет, бұл онлайн-қызметтердің қауіпсіздігі мен сенімін қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелері туристік маркетингті арттыруда өзіндік орын алады деген ойдамыз, сандық технологиялар тұтынушының ой санасын өзгеркені анық, нәтижелерге сүйене туристік мекемелер желіде белсенділік танытып, төмендегі ұсыныстарға мән берсе екен дейміз:

- Жоғары сапалы визуалды контент жасау;
- Әлеуметтік желілерде белсенді болу;
- Блогерлермен ынтымақтастық;
- Саяхат туралы пайдалы ақпарат беру;
- Аудиторияны тарту үшін білім беру мазмұнын пайдалану.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кочергин Д. Ю. Онлайн-отзывы и поведение потребителей: социологический анализ // Социальная компетентность. – 2023. – Т. 8. – №3(29). – С. 14–21.
- 2 Красноставская Н. В., Божук С. Г., Плетнева Н. А., Бочарникова А. В. Влияние онлайн-отзывов покупателей на процесс принятия решения о покупке изделий ручной работы // Вестник евразийской науки. – 2022. – Т. 14. – №6. – С. 1–18. DOI: 10.15862/71ECVN622.
- 3 Тарасенко Э. В., Розанова Т. П. Маркетинг дестинаций в контексте инвестиционного анализа гостиничных объектов и туристско-рекреационных кластеров // Современные проблемы сервиса и туризма. – 2021. – Т. 15. – №4. – С. 45–56.
- 4 GlobalSocialMedia. Statistics. DataReportal. Kepios [Электронный ресурс]. – URL: <https://2ip.io/a/kepios.com/> (дата обращения: 26.09.2024).
- 5 Фэн И., Чэнь Х., Лай И. Влияние качества туристического опыта на воспринимаемую ценность и удовлетворенность проживанием в гостевых домах на юго-западе Китая // Hospitality and Tourism Insights. – 2020. – Т. 4, №1. – С. 121–135. DOI: 10.1108/JHTI-02-2020-0015.
- 6 Маджид С., Чжоу Ч., Лу Ч., Рамкиссун Х. Онлайн-информация о туризме и поведение туристов: анализ моделирования структурных уравнений на основе самостоятельно проведенного опроса // Frontiers in Psychology. – 2020. – Т. 11. – С. 1–15. DOI: 10.3389/fpsyg.2020.00599.
- 7 Мэн Б., Чой К. Намерение туристов использовать услуги, основанные на местоположении (LBS): объединение теории запланированного поведения и модели вероятности разработки // International Journal of Contemporary Hospitality Management. – 2019. – Т. 31, №8. – С. 3097–3115. DOI: 10.1108/ijchm-09-2018-0734.
- 8 Муххопадхай С., Пандей Р., Риши Б. Исследование электронного сарафанного радио (eWOM): сравнительный библиометрический анализ и перспективы будущих исследований // Journal of Hospitality and Tourism Insights. – 2023. – Т. 6, №2. – С. 404–424. DOI: 10.1108/JHTI-07-2021-0174.
- 9 Джаму М. Э., Сари С. П. Влияние электронного сарафанного радио на социальные сети и привлекательность традиционного туризма в деревне Бена // Centralisasi. – 2022. – Т. 11. – С. 37–48. DOI: 10.33506/sl.v11i1.1534.
- 10 Цзя М., Ким Х., Тао Ш. Опыт и удовлетворенность клиентов в сфере B&B: данные онлайн-отзывов клиентов // Service Science. – 2024. – Т. 16, №1. – С. 42–54. DOI: 10.1287/serv.2022.0080.
- 11 Ли Г., Шан Ю., Лю Х., Си Ю. Дифференцированное трансформационное лидерство и обмен знаниями: межуровневое исследование // European Journal of Innovation Management. – 2014. – Т. 32, №4. – С. 554–563. DOI: 10.1016/j.emj.2013.10.004.
- 12 Бринкман К. С., Габриэль Ш., Паравати Э. Цели социальных достижений и социальные сети // Computers in Human Behavior. – 2020. – Т. 111. – С. 106427. DOI: 10.1016/j.chb.2020.106427.
- 13 Роуз Н., Агилар С., Онгон Ч. М. М., Самульде Х. Дж., Клеоф Б. М. С., Гарпачо О. Е., Мело М. К. Ф. Влияние маркетинга в социальных сетях на эффективность бренда малого онлайн-бизнеса студентов // World Journal of Advanced Research and Reviews. – 2022. – Т. 16, №2. – С. 876–886. DOI: 10.30574/wjarr.2022.16.2.1265.
- 14 Чен Ц., Лю И., Фэн Ж. Исследование по оценке качества обслуживания клиентов в сфере онлайн-торговли на платформе // Academic Journal of Business & Management. – 2022. – Т. 4, №14. – С. 11–17. DOI: 10.25236/AJBM.2022.041402.

- 15 Қазақстан Республикасы Бәсекелестiктi қорғау және дамыту агенттiгi [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zk?lang=kk> (дата обращения: 26.09.2024).
- 16 Абдунурова А. А. Поведение туристов до и после покупки в социальных сетях: на примере Казахстана // Журнал экологического менеджмента и туризма. – 2020. – Т. 6(46). – С. 1475–1488. DOI: 10.14505/jemt.11/6(46)/18.
- 17 Чёрный В. Социальные сети в Казахстане: цифры и тренды. «На каких языках говорит Казахстан в сети» // Brand Analytics [Электронный ресурс]. – URL: <https://brandanalytics.kz/blog/social-media-kazakhstan-summer-2024> (дата обращения: 26.09.2024).
- 18 Алматы стал абсолютным лидером среди регионов по привлечению туристов [Электронный ресурс]. – URL: <https://ranking.kz/reviews/industries/almaty-stal-absolyutnym-liderom-sredi-regionov-po-privlecheniyu-turistov.html> (дата обращения: 24.09.2024).
- 19 Алматы ставит рекорд по количеству туристов [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.zakon.kz/finansy/6450900-almaty-stavit-rekord-po-kolichestvu-turistov.html> (дата обращения: 03.10.2024).
- 20 Масуд А., Чжан Ц., Али М., Каппиелло Дж., Дхир А. Связывание использования корпоративных социальных сетей, доверия и обмена знаниями: парадоксальные роли прозрачности коммуникации и личного блоггинга // Journal of Knowledge Management. – 2022. – Т. 27, №4. – С. 1056–1085. DOI: 10.1108/JKM-11-2021-0880.
- 21 Йе Ш., Ву Ц. С., Чжэн Ч. Дж. Являются ли туристы с более высокими ожиданиями более чувствительными к качеству обслуживания? Данные из городского туризма // Journal of Destination Marketing & Management. – 2019. – Т. 12. – С. 64–73. DOI: 10.1016/j.jdmm.2019.01.002.
- 22 Тата С. В., Прашар С., Гупта С. Изучение роли валентности отзыва и источника отзыва в различных контекстах потребления при принятии решения о покупке // Journal of Retailing and Consumer Services. – 2020. – Т. 52. – С. 101734. DOI: 10.1016/j.jretconser.2019.01.003.
- 23 Алматы, Акмолинская и Алматинская области объединяют усилия для развития туризма [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty/press/news/details/833084?lang=ru> (дата обращения: 03.10.2024).
- 24 Быстрых А. В., Новикова А. С. Разновекторный характер реляционной работы в публичном онлайн-отзыве // Язык, коммуникация и социальная среда. – 2022. – №20. – С. 35–47.
- 25 Туризмдегi цифрлық технологиялардың ықпалы: Әлемдiк статистика // Google Туризм есебi [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.thinkwithgoogle.com> (дата обращения: 03.10.2024).

Reference

- 1 Kochergin D. Ju. Onlajn-otzyvy i povedenie potrebitel'ej: sociologicheskij analiz // Social'naja kompetentnost'. – 2023. – Т. 8. – №3(29). – С. 14–21.
- 2 Krasnostavskaja N. V., Bozhuk S. G., Pletneva N. A., Bocharnikova A. V. Vlijanie onlajn-otzyvov pokupatelej na process prinjatija reshenija o pokupke izdelij ruchnoj raboty // Vestnik evrazijskoj nauki. – 2022. – Т. 14. – №6. – С. 1–18. DOI: 10.15862/71ECVN622.
- 3 Tarasenko Je. V., Rozanova T. P. Marketing destinacij v kontekste investicionnogo analiza gostinichnyh ob#ektov i turistsko-rekreacionnyh klasterov // Sovremennye problemy servisa i turizma. – 2021. – Т. 15. – №4. – С. 45–56.
- 4 GlobalSocialMedia. Statistics. DataReportal. Kepios [Jelektronnyj resurs]. – URL: <https://2ip.io/a/kepios.com/> (data obrashhenija: 26.09.2024).
- 5 Fjen I., Chjen' H., Laj I. Vlijanie kachestva turisticheskogo opyta na vosprinimaemuju cennost' i udovletvorennost' prozhivaniem v gostevyh domah na jugo-zapade Kitaja // Hospitality and Tourism Insights. – 2020. – Т. 4, №1. – С. 121–135. DOI: 10.1108/JHTI-02-2020-0015.
- 6 Madzhid S., Chzhou Ch., Lu Ch., Ramkissun H. Onlajn-informacija o turizme i povedenie turistov: analiz modelirovaniya strukturnyh uravnenij na osnove samostojatel'no provedennogo oprosa // Frontiers in Psychology. – 2020. – Т. 11. – С. 1–15. DOI: 10.3389/fpsyg.2020.00599.
- 7 Mjen B., Choj K. Namerenie turistov ispol'zovat' uslugi, osnovannye na mestopolozhenii (LBS): ob#edinenie teorii zaplanirovannogo povedenija i modeli verojatnosti razrabotki // International Journal of Contemporary Hospitality Management. – 2019. – Т. 31, №8. – С. 3097–3115. DOI: 10.1108/ijchm-09-2018-0734.
- 8 Mukhopadhaj S., Pandej R., Rishi B. Issledovanie jelektronnogo sarafannogo radio (eWOM): sravnitel'nyj bibliometricheskij analiz i perspektivy budushhijh issledovanij // Journal of Hospitality and Tourism Insights. – 2023. – Т. 6, №2. – С. 404–424. DOI: 10.1108/JHTI-07-2021-0174.
- 9 Dzhamu M. Je., Sari S. P. Vlijanie jelektronnogo sarafannogo radio na social'nye seti i privlekatel'nost' tradicionnogo turizma v derevne Bena // Centralisasi. – 2022. – Т. 11. – С. 37–48. DOI: 10.33506/sl.v1i1.1534.
- 10 Czja M., Kim H., Tao Sh. Opyt i udovletvorennost' klientov v sfere B&B: dannye onlajn-otzyvov klientov // Service Science. – 2024. – Т. 16, №1. – С. 42–54. DOI: 10.1287/serv.2022.0080.
- 11 Li G., Shan Ju., Lju H., Si Ju. Differencirovannoe transformacionnoe liderstvo i obmen znanijami: mezgurovnevoe issledovanie // European Journal of Innovation Management. – 2014. – Т. 32, №4. – С. 554–563. DOI: 10.1016/j.emj.2013.10.004.
- 12 Brinkman K. S., Gabrijel' Sh., Paravati Je. Celi social'nyh dostizhenij i social'nye seti // Computers in Human Behavior. – 2020. – Т. 111. – С. 106427. DOI: 10.1016/j.chb.2020.106427.
- 13 Rouz N., Agilar S., Ongon Ch. M. M., Samul'de H. Dzh., Kleof B. M. S., Garpacho O. E., Melo M. K. F. Vlijanie marketinga v social'nyh setjah na jeffektivnost' brenda malogo onlajn-biznesa studentov // World Journal of Advanced Research and Reviews. – 2022. – Т. 16, №2. – С. 876–886. DOI: 10.30574/wjarr.2022.16.2.1265.
- 14 Chen C., Lju I., Fjen Zh. Issledovanie po ocenke kachestva obsluzhivanija klientov v sfere onlajn-torgovli na platforme // Academic Journal of Business & Management. – 2022. – Т. 4, №14. – С. 11–17. DOI: 10.25236/AJBM.2022.041402.
- 15 Kazakstan Respublikasy Bәsekelestiktі қорғау және дамыту агенттiгi [Jelektronnyj resurs]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/zk?lang=kk> (data obrashhenija: 26.09.2024).

- 16 Abdunurova A. A. Povedenie turistov do i posle pokupki v social'nyh setjah: na primere Kazahstana // Zhurnal jekologicheskogo menedzhmenta i turizma. – 2020. – Т. 6(46). – С. 1475–1488. DOI: 10.14505/jemt.11/6(46)/18.
- 17 Chjornyj V. Social'nye seti v Kazahstane: cifry i trendy. «Na kakih jazykah govorit Kazahstan v seti» // Brand Analytics [Jelektronnyj resurs]. – URL: <https://brandanalytics.kz/blog/social-media-kazakhstan-summer-2024> (data obrashhenija: 26.09.2024).
- 18 Almaty stal absoljutnym liderom sredi regionov po privlecheniju turistov [Jelektronnyj resurs]. – URL: <https://ranking.kz/reviews/industries/almaty-stal-absoljutnym-liderom-sredi-regionov-po-privlecheniyu-turistov.html> (data obrashhenija: 24.09.2024).
- 19 Almaty stavit rekord po kolichestvu turistov [Jelektronnyj resurs]. – URL: <https://www.zakon.kz/finansy/6450900-almaty-stavit-rekord-po-kolichestvu-turistov.html> (data obrashhenija: 03.10.2024).
- 20 Masud A., Chzhan C., Ali M., Kappiello Dzh., Dhir A. Svjazyvanie ispol'zovanija korporativnyh social'nyh setej, doverija i obmena znanijami: paradoksal'nye roli prozrachnosti kommunikacii i lichnogo blogginga // Journal of Knowledge Management. – 2022. – Т. 27, №4. – С. 1056–1085. DOI: 10.1108/JKM-11-2021-0880.
- 21 Je Sh., Vu C. S., Chzhjen Ch. Dzh. Javlajutsja li turisty s bolee vysokimi ozhidaniyami bolee chuvstvitel'nymi k kachestvu obsluzhivanija? Dannye iz gorodskogo turizma // Journal of Destination Marketing & Management. – 2019. – Т. 12. – С. 64–73. DOI: 10.1016/j.jdmm.2019.01.002.
- 22 Tata S. V., Prashar S., Gupta S. Izuchenie roli valentnosti otzyva i istochnika otzyva v razlichnyh kontekstah potreblenija pri prinjatii reshenija o pokupke // Journal of Retailing and Consumer Services. – 2020. – Т. 52. – С. 101734. DOI: 10.1016/j.jretconser.2019.01.003.
- 23 Almaty, Akmolinskaja i Almatinskaja oblasti ob#edinajut uslilija dlja razvitija turizma [Jelektronnyj resurs]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/almaty/press/news/details/833084?lang=ru> (data obrashhenija: 03.10.2024).
- 24 Bystryh A. V., Novikova A. S. Raznovektornyj karakter reljacionnoj raboty v publicnom onlajn-otzyve // Jazyk, kommunikacija i social'naja sreda. – 2022. – №20. – С. 35–47.
- 25 Turizmdegi cifrlyk tehnologijalardyң uqpaly: Әлемдік статистика // Google Turizm esebi [Jelektronnyj resurs]. – URL: <https://www.thinkwithgoogle.com> (data obrashhenija: 03.10.2024).

<p>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор) Зиявдинова Асыл Кадырхановна, магистр, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан, e-mail: assylziyavdinova@gmai.com, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-5922-9932</p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор) Зиявдинова Асыл Кадырхановна, магистр, Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан, e-mail: assylziyavdinova@gmai.com, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-5922-9932</p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author) Ziyavdinova Assyl Kadyrkhanovna, master of science, National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: assylziyavdinova@gmai.com, ORCID ID: https://orcid.org/0000-0001-5922-9932</p>
---	---	---

Мақала түскен күні: 21.02.2025

Мақала басылымға қабылданған күні: 26.05.2025

¹Онаева Б.Т.^а , ²Хамидов О.Х., ¹Муканов А.Х.

¹А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Бухара мемлекеттік университеті, Бухара, Өзбекстан

SOFT ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЗАҚСТАНДА БЕЙІМДЕУ

Онаева Балдырган Талгатовна, Хамидов Обиджон Хафизович, Муканов Айдар Хамзеевич
Soft туризмді дамытудың халықаралық тәжірибесі және оны Қазақстанда бейімдеу

Аңдатпа. Мақалада авторлар soft туризмді дамытудың халықаралық тәжірибесін қоршаған ортаға әсерді азайтуға, мәдени мұраны сақтауға және жергілікті қауымдастықтарды тартуға бағытталған туристік қызметтің тұрақты үлгісі ретінде қарастырады. Қоршаған ортаны қорғау, мәдени және білім беру жобаларында soft туризм қағидаттарын белсенді қолданатын Швейцария, Жаңа Зеландия, Жапония және тағы басқа елдердің сәтті тәжірибесі зерттеледі. Бұл тұжырымдаманы Қазақстанның табиғи және мәдени өртүрлілігін ескере отырып, оның жағдайына бейімдеуге ерекше назар аударады. Мақалада салыстырмалы әдістер арқылы ұлттық парктерде экотуризмді дамыту, этномәдени бастамаларды қолдау мақсатында Қазақстанда soft туризмді енгізу мүмкіндіктері талданады. Негізгі қиындықтар, соның ішінде инфрақұрылымның жоқтығы, туристер арасындағы хабардарлықтың төмен деңгейі және жергілікті тұрғындарды оқыту қажеттілігі анықталады. Авторлар зерттеу негізінде жауапты туризм және табиғатқа жанашырлықпен қарау қағидаттары арқылы Қазақстанның бірегей табиғи және мәдени мұрасын сақтай отырып, оның туристік тартымдылығын арттыруға көмектеседі деп тұжырымдайды.

Түйін сөздер: soft туризм, тұрақты туризм, халықаралық тәжірибе, бейімдеу стратегиясы, экотуризм, кластерлік модель, мәдени-танымдық туризм.

Онаева Балдырган Талгатовна, Хамидов Обиджон Хафизович, Муканов Айдар Хамзеевич
Международный опыт развития soft туризма и его адаптация в Казахстане

Аннотация. В данной работе авторы рассматривают международный опыт развития soft туризма как устойчивой модели туристской деятельности, направленной на снижение воздействия на окружающую среду, сохранение культурного наследия и вовлечения местных сообществ. Изучены успешные практики Швейцарии, Новой Зеландии, Японии и других стран, активно применяющих принципы soft туризма в экологических, культурных и образовательных проектах. Особое внимание уделяется адаптации данной концепции к условиям Казахстана с учетом его природного и культурного разнообразия. В статье на основе сравнительного метода анализируется перспективы внедрения soft туризма в Казахстане через развитие экотуризма в национальных парках, поддержку этнокультурных инициатив. Определены основные проблемы, включая отсутствие инфраструктуры, низкий уровень осведомленности туристов и необходимость просвещения местных жителей. На основе исследования авторы приходят к выводу, что soft туризм, основанный на принципах ответственности и дружелюбия к природе, будет способствовать сохранению уникального природного и культурного наследия Казахстана и повышению его туристской привлекательности.

Ключевые слова: soft-туризм, устойчивый туризм, международный опыт, стратегия адаптации, экотуризм, кластерная модель, культурно-познавательный туризм.

Onayeva Baldyrgan, Hamidov Obidzhon, Mukanov Aidar

International experience in the development of soft tourism and its adaptation in Kazakhstan

Abstract. In this article, the authors consider the international experience of developing soft tourism as a sustainable model of tourist activity aimed at reducing the impact on the environment, preserving cultural heritage and involving local communities. Successful practices of Switzerland, New Zealand, Japan and other countries that actively apply the principles of soft tourism in ecological, cultural and educational projects are studied. Special attention is paid to the adaptation of this concept to the conditions of Kazakhstan, taking into account its natural and cultural diversity. In the article, on the basis of a comparative method, the prospects of introducing soft tourism in Kazakhstan through the development of ecotourism in national parks, support of ethno-cultural initiatives are analyzed. The main problems are identified, including the lack of infrastructure, low level of awareness among tourists and the need to educate local residents. On the basis of the research, the authors come to the conclusion that soft tourism, based on the principles of responsibility and friendliness to nature, will contribute to the preservation of the unique natural and cultural heritage of Kazakhstan and increase its tourist attraction.

Key words: soft tourism, sustainable tourism, international experience, adaptation strategy, ecotourism, cluster model, cultural tourism.

Кіріспе. Соңғы онжылдықтарда soft туризм жаппай туризмге тұрақты және әлеуметтік жауапты балама ретінде дамып келе жатыр. Бүгінгі таңда қоршаған ортаны сақтауға, мәдени мұраға және жеке саяхатқа баса назар аударумен сипатталатын soft туризм бүкіл әлемде жоғары сұранысқа ие, әсіресе овертуризмнен зардап шегіп отырған елдерде. Швейцария, Жапония және Жаңа Зеландия сияқты елдер өздерінің бірегей табиғи ландшафттары мен мәдени мұраларын пайдалана отырып, soft туризмді жүзеге асыру үшін құрылымды іс-шараларды жүзеге асырып, туристік орталықтардың тартымдылығын жоғарлатып отырғанын көруге болады.

Әлемдегі көптеген тартымдылығы жоғары туристік орталықтардың дамуындағы басты мәселе – овертуризм немесе туризмнің қоршаған ортаға, жергілікті тұрғындардың өміріне, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлеріне, әлеуметтік байланыстарына теріс әсері және оған мән бермеу. Бұл туралы шетел ғалымдарының пікірлері де баршылық. Мысалға, бірқатар ғалымдар [1-3] туристік орталықтардың қызметін айсбергке теңеп, судың бетіндегі бөлігін (айсбергтің төбесін) туристік аумақтың тартымдылығына сәйкестендіреді. Ал, судың астындағы көзге көрінбейтін айсбергтің басым бөлігін жауапсыз туристік әрекет негізінде туындайтын экологиялық, әлеуметтік, мәдени және тағы басқа да мәселелер деп көрсетеді.

Кен байтақ даласы мен көркем тау жоталары және бай мәдени тарихы бар Қазақстанда soft туризмді дамыту үшін орасан зор әлеуеті бар. Жылдан жылға туристердің талғамының өзгеруіне, кейбір елдердегі саяси жағдайының тұрақсыздығына, халықаралық деңгейдегі экономикалық құбылыстарға байланысты бүгінгі күні Қазақстан бағытында туристік ағынның ұлғаюын байқауға болады. Сонымен қатар отандық туристерде ішкі туристік нарықтағы табиғи, тарихи және басқа да ресурстарға қызығушылық танытып отырғанын көруге болады. Алайда, елдің туристік секторы дәстүрлі түрде ірі жобаларға назар аударып, көбінесе экологиялық тұрақтылықтан гөрі экономикалық өсуді бірінші орынға қояды. Мысалы, бірқатар ұлттық парктерде (Бурабай, Көлсай көлдері, Шарын шатқалы және т.б.) туристердің санының артуына байланысты қоршаған ортаның ластануы байқалады, ал кейбір жерлерде бұл экологиялық мәселелерге айналып, туристік орталықтың тұрақты дамуына кері әсер етуде. Осы себептен отандық туристік орталықтарда, аймақтарда жауапты, қоршаған ортаға минималды зиян келтіруді көздейтін

туризм түрлерін қалыптастырып, территорияда орналасқан ресурстардың ерекше қасиеттерін сақтап қалып, дестинацияның ұзақ мерзімдегі тартымдылығын қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру қажеттілігі туындауда.

Бұл іс шараларды анықтаудың тиімді бір жолы soft туризмді дамытудағы шетел тәжірибесін қарастыру, әсіресе елімізге ұқсас табиғи-климаттық, мәдени немесе әлеуметтік ерекшеліктері бар мемлекеттерге назар аударуымыз керек және озық мысалдарға негізделіп отырып, қазақстандық туристік орталықтарда soft туризмді дамыту жолдарын айқындаған жөн.

Зерттеу мақсаты – soft туризмді дамытудың халықаралық тәжірибесін зерттеу, оны Қазақстан жағдайында бейімдеу және қолдану мүмкіндіктерін анықтау. Жалпы зерттеу мақсатын айқындау барысында бірқатар гипотезалар белгіленді:

- soft туризмді дамытудың халықаралық тәжірибесі, оның нақты табиғи, климаттық, әлеуметтік-мәдени және экономикалық жағдайлары ескерілген жағдайда Қазақстанда сәтті бейімделу және қолданылуы мүмкін;

- Қазақстанда soft туризмді дамыту жаңа жұмыс орындарын ашуды, жергілікті халықтың табысын арттыруды, мәдени мұраны сақтауды және экологиялық жағдайды жақсартуды қоса алғанда, айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық пайда әкелуі мүмкін;

- Қазақстанда soft туристік әлеуетті тиімді жүзеге асыру үшін тиісті нормативтік-құқықтық базаны әзірлеуді, инфрақұрылымды құруды, білікті кадрларды дайындауды және жергілікті халықтың белсенді қатысуын қамтитын кешенді тәсіл қажет.

Зерттеу міндеттері. Белгіленген гипотезалардың растығын дәлелдеу және белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін зерттеу келесі негізгі міндеттерді орындаудан тұрды:

- soft туризм сипаттарын зерттеу, шетелдік туристік территориялардың дамуындағы оның рөлін айқындау және отандық дестинацияларда қолдану мүмкіндіктерін қарастыру;

- soft туризмнің жергілікті экономиканың дамуына тигізетін әсерін қарастыру және әлеуметтік, мәдени, экологиялық құндылықтарды қалыптастыруға деген әсерін сипаттау;


- Қазақстандағы бұл туризмнің даму әлеуетін бағалау және Қазақстанның туристік тәжірибесіне soft туризм қағидаттарын енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Мақала келесідей құрылымдалған: әдебиеттік шолуда soft туризмнің жаһандық трендтері мен сәтті мысалдары қарастырылады; негізгі бөлімінде осы тәжірибелердің Қазақстанда қолданылуын

бағалау үшін қолданылатын аналитикалық тәсіл сипатталады; қорытындысында аймақтағы «soft» туризмді дамыту, оның экономикалық және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар беріледі.

Әдістер мен материалдар. Шет мемлекеттерде soft туризмді дамытудағы озық тәжірибелерін

қарастыруда және ол елдерде қалыптасқан модельді отандық шарттарға бейімдеу жолдарын анықтауда диалектикалық философия әдісі, аксиомалар теориясына негізделген аксиоматикалық және модельдер арасындағы ұқсастықты немесе айырмашылықты айқындауға бағытталған салыстырмалы талдау әдістері қолданылды (сурет 1).



Сурет 1 – Зерттеу моделінің дизайны
Ескерту: сурет авторлармен жасалды

Зерттеу жұмысының мақсатын айқындау барысында аксиома ретінде үш негізгі гипотеза қабылданған болатын. Осы себептен атаулы аксиомаларды негіздеу және дәлелдеу барысында аксиматикалық әдіс қолданылды. Осының нәтижесінде шетел тәжірибесінде soft туризмді дамытудың негізгі қағидалары анықталып, белгілі бір заңдылықтар негізінде тиімділікке қол жеткізген модельдер сипатталды.

Диалектикалық әдіс барлық зерттеуге арналған құбылыстар өзара байланыста бола отырып, тұрақты түрде қозғалыста болады деген ойға негізделіп, soft туризмнің дамуындағы үрдістердің (экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және т.б.) арасындағы байланыстарды және олардың ортасындағы қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Атаулы әдістің негізінде шетелдерде туристік орталықтарды дамытуда экономикалық мақсаттарға қол жеткізу мен экологиялық тазалықты сақтап қалу сияқты бір-біріне қайшы келетін сұрақтар қандай шешім тапқаны қарастырылып, зерттелді.

Әртүрлі елдердегі soft туризмді дамыту тәжірибелерін салыстыру, бұл туризм түрін дамытудағы барлық қарастырылған елдерге ортақ болып келетін жалпылама және тек бір елге ғана тиесілі ерекше заңдылықтарды анықтау мақсатында салыстырмалы талдау әдісі кеңінен қолданылды. Салыстырмалы талдау барысында келесі негізгі критерийлер есепке алынды: овертуризммен күресу шаралары және қоршаған ортаның тазалығын сақтау басымдылықтары, soft туризмді дамытуға арналған инфрақұрылымды қалыптастыру, экологияға теріс әсер етпейтін бастамаларды қолдау және эко орналастыру орындарының дамуын қолдау, эко маршруттарды даярлау және жүзеге асыру, жауапты туризмді дамытуға арналған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану және т.б.

Әдістерді қолдану және мәліметтерді өңдеу аясында шынайы нәтижелерді көрсету және бұрмаламау, зерттеу барысында этикалық нормаларды сақтау, академиялық адалдыққа тиесілі ережелерге бағыну сияқты нормалар толықтай есепке алынды.

Жұмысты дайындау барысында отандық және шетел авторларының әртүрлі баспаларда (оның ішінде Scopus және Web of Science халықаралық платформаларына кіретін басылымдарда) жарияланған еңбектері, UNWTO есептері, Ұлттық статистика бюросымен жарияланған статистикалық мәліметтер қолданылды.

Нәтижелер. Soft туризм, яғни тұрақты және жағымсыз әсері аз әсер ететін туризм

ретінде белгілі, сондай-ақ туризмді дамытуға трансформациялық тәсіл ретінде кеңінен танылды. Көбінесе қоршаған ортаның нашарлауына және мәдени гомогенизацияға әкелетін дәстүрлі жаппай туризмнен айырмашылығы soft туризм экологияны сақтауға, мәдени сезімталдыққа және жергілікті қауымдастықтармен мағыналы қарым-қатынасқа баса назар аударады.

Soft туризмді дамытудағы жаһандық тәжірибелерге келетін болсақ, көптеген елдер soft туризмді өздерінің туристік стратегияларына біріктіру арқылы сәтті қабылдады. Мысалы, Швейцария дәстүрлі көлікке экологиялық таза балама ретінде жаяу серуендеуді, велосипедпен және теміржолмен саяхаттауды ілгерлету арқылы экологиялық туризмде көшбасшыға айналды. М. Юнгмейер Швейцарияда аймақтық экономиканы қолдау мақсатында шағын көлемді, жергілікті тұрғыда басқарылатын шағын эко үйлерге баса назар аудару қоршаған орта ластануын азайтады деп тұжырымдаған [2].

Сол сияқты, Жаңа Зеландия soft туризмді дамыту үшін өзінің табиғи сұлулығын тиімді пайдаланады. Елдің «The Tiaki Promise» бастамасы саяхатшыларды қоршаған ортаны қорғауға, жергілікті мәдениетті құрметтеуге және баратын жерге оң үлес қосуға шақырады. Атаулы бастама 2018 жылдан бастап Жаңа Зеландия Үкіметінің қолдауы негізінде жүзеге асырылып, табиғатты қорғауды насихаттау (туристер табиғат ресурстарын жауапты түрде пайдаланып, олардың ерекше қасиеттерінің сақталып қалуына үлестерін қосуы тиіс), қауіпсіздік (маршруттарда қауіпсіздік стандарттарын кеңінен енгізу), жергілікті мәдениетті құрметтеу (Маори мәдениетіне сәйкес дәстүрлерді сақтау, жергілікті қауымдастықтармен ынтымақтастықты орнату), тұрақты даму тәжірибесін қалыптастыру (қоршаған ортаға зиян келтірмейтін еңбек шарттарын ұйымдастыру), жол қозғалысының экологиялық тазалығын қамтамасыз ету (қоршаған ортада CO₂ үлесін төмендету) сияқты қағидаларға негізделеді. Бұл қағидалар Жаңа Зеландияның бірегей ландшафттарын сақтап қана қоймай, оның жауапты туристік бағыт ретіндегі имиджін де нығайтады және де туризмді басқарудағы жергілікті қауымдастықтардың ролін арттырады [4].


Жалпы «The Tiaki Promise» бастамасын сала дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ете алатын және мемлекеттік реттеу, жергілікті қауымдастықтар қызметін, туристің әрекетін біріктіретін soft туризм моделінің картасы ретінде көрсетуге болады (сурет 2). Бастаманың сәтті тәжірибеге айналуының негізгі себебіне мемлекеттік органдар және жергілікті қауым-

дастықтар тарапынан кешенді түрде қағидаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етілуін жатқызуға болады.

Жаңа Зеландия соңғы жылдары, әсіресе COVID-19 пандемиясы нәтижесінде қалыптасқан шарттарға байланысты, тұрақты туризм моделіне көше бастады. Мысалы, бүгінгі таңда бұл елдің кейбір дестинациялары өз қызметтерін экономикалық тұрғыда қомақты табысты қалыптастыратын және қоршаған ортаға қатты зиян келтірмейтін жоғары табысы бар туристтерге бағыттауда [5]. Яғни, Жаңа Зеландия овертуризмнің қоршаған ортаға, сонымен қатар жергілікті қауымдастықтардың әрекетіне теріс әсерін көре отырып туристік қызметтерді ұйымдастыруда кішігерім туристік топтарға қызмет көрсетуді қолға алып

отыр. Басқаша айтқанда қоршаған ортаның ерекшелігін сақтап қалу, сонымен қатар территория табиғатының тартымды қасиеттерін туристік ресурс ретінде қолданып, одан пайда алу сұрақтарының арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етудің негізгі жолы ретінде soft туризм танылып отыр.

Соңғы жылдары дестинациялардың дамуында soft туризм тұжырымдамасын белсене қолданылып отырған ел – Жапония. Атаулы ел әлемдегі танымалдылығы жоғары және тартымды дестинациялардың қатарына кіреді және жыл сайын овертуризм нәтижесінде туындайтын мәселелерді шешуде қомақты шығын атқаруда, әсіресе Киото, Токио, Осака сияқты ірі қалалар шеңберінде [6].



Сурет 2 – Жаңа Зеландияның soft туризмді дамыту картасы

Ескерту: сурет авторлармен жасалды

Жапониялық ұлттық туристік ұйымының (JNTO) мәліметіне сүйенсек, 2024 жылы елдің туристік дестинацияларында 36,9 млн туристке қызмет көрсетілген (кесте 1). Осы аймақтағы басқа елдердегі туристік қызмет көрсету көлімін

талдасак, Қытай, Малайзия, Индия, Тайланд сияқты елдер бүгінгі күні COVID-19 пандемиясы алдындағы 2019 жылдың көрсеткішіне әлі жетпеген, ал Жапонияда қызмет көрсетілген туристердің саны 15,7% артқан.

Кесте 1 – 2018-2024 жылдар аралығында Азия аймағына кіретін елдердегі халықаралық туризм бойынша қызмет көрсетілген келушілердің саны (млн. адам)

Елдер	Жылдар							2024/2019 (%)
	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	
Қытай	62.9	65.7	8.0	5.7	30.2	38.1	49.5	75.3
Индия	17.4	17.9	6.3	7.0	14.3	16.5	17.1	95.5
Жапония	31.2	31.9	4.1	0.2	3.8	25.1	36.9	115.6
Малайзия	25.8	26.1	4.3	0.1	10.1	20.1	22.4	85.8
Тайланд	38.2	39.9	6.7	0.5	11.1	28.2	35.5	89.0

Ескерту: БТҰ мәліметтері [7] негізінде құрылды

Туристердің санының артуы әрине жергілікті туристік инфрақұрылымға және экожүйеге қатты салмақ салды. Осыған байланысты Үкімет және жергілікті билік органдары туристік ағынды тиімді реттеуге, жергілікті қауымдастықтарды қолдауға және мәдени мұраны сақтап қалуға бағытталған стратегияларға мән беріп, жүзеге асыра бастады.

Бүгінгі таңда овертуризм мәселесін шешу үшін Жапонияда келесі негізгі іс-шаралар жүзеге асырылуда:

- туристік ағынды бөлістіру және реттеу. Қазіргі кезде туризмді реттеуге бағытталған мемлекеттік органдар Токио немесе басқа танымал бағытындағы туристік ағынның бағытын өзгерту үшін жаңа, қазіргі кезде аса қатты танымалдылыққа ие болмаған Тохоку, Сикоку, Хоккайдо сияқты туристік дестинацияларды жылжытуда;

- туристік объектілердің қолжетімділігін шектеу. Мысалы Киотода туристердің сұранысы жоғары мәреге жететін сағаттарда атақты Арасияма бамбук орманына кіруге шектеулер қойылады;

- экологиялық тұрақтылыққа бағытталу. Қалдықтардың көлемін қысқартуға және жасыл технология тұжырымдамасына сәйкес келетін құрылғыларды қолдануға бағытталған бағдарламалар әзірленіп, жүзеге асырылуда;

- жауапты туризмді инновациялық тұрғыдан қолдау. Бүгінгі таңда Жапония инновациялық технологияларды шығару және оларды өндіріс немесе қызмет көрсету саласында қолдануы бойынша әлемде бірінші қатарлы мемлекеттердің тізімінде. Жаңа инновациялық технологиялар туризм саласында да қарқынды қолдануда, әсіресе қоршаған ортаның тазалығын сақтау, демалушылардың табиғаттық ортада демалыс ыңғайлылығын жоғарылату сияқты сұрақтарда.

Жапония soft туризмнің негізгі бөлігі болып табылатын мәдени туризмде де көшбасшылық танытты. «Сатояма тәжірибесі» сияқты бағдарламалар күріш егу және шай жинау сияқты әсерлі әрекеттерді ұсына отырып, келушілерді дәстүрлі ауылдық өмір салтына тартады. Такахаши мен Накамураның зерттеулері бұл тәжірибелердің ауыл мұрасын сақтай отырып, мәдени алмасуға қалай ықпал ететінін көрсетеді [8, 9].

Жалпы Жапонияның туристік дестинацияларда soft туризмді дамыту тәжірибесі тек овертуризмнен зардап шегіп жатқан елдер үшін ғана емес, сонымен қатар туристік территорияларын енді дамытуға кіріскен елдер үшін де пайдалы. Яғни туризм саласын дамытып, одан пайда көргісі келетін елдер қазірден бастап табиғат және қоршаған орта ресурстарын тиімді пайдалануды ойластырып, жеке кәсіпкерлердің экономикалық мүделерін қоғамдық мүддеге сәйкестендіруі тиіс.

Soft туризмді территорияны тұрақты дамыту құралы ретінде тиімді қолданып отырған ел – Канада. Бүгінгі таңда туристік тұрғыдан тартымдылығы жоғары табиғаттық ресурстарға, экологиялық ортаға, мәдениетке, тарихи объектілерге ие Канада soft туризм тұжырымдамасын қарқынды түрде жүзеге асырып, бұл туризм түріне сәйкес келетін арнайы инфрақұрылымды қалыптастыруда.


Жалпы, Канада көп жағдайда soft туризм ұғымын экожүйенің ерекшеліктерімен байланыстырады. Оның негізгі бір себебі экологиялық туризмге деген сұраныстың жоғары болуы. Канадалық туризм бойынша комиссиясының (СТС) мәліметтеріне сүйенсек 2024 жыды бұл елге 19 млн астам турист келген (сурет 3), оның 68,1% ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда не-

месе бірегей сипаттарға ие эко орталықтарда демалыстарын өткізген [10].

Көптеген елдер 2020-2021 жылдары COVID-19 пандемиясынан қатты зардап шегіп, туристік қызмет көрсету деңгейі күрт қысқарған болатын. Мысалы, Канада елінде пандемия жағдайында 22 млн адамнан 3 млн-ға дейін қысқарған, ал постпандемиялық кезеңде бұл көрсеткіштің қайта өсуі байқалады, яғни егер 2021 жылы келушілердің саны 3,1 млн адамды құраса, 2022 жылы олардың саны бірден 9,7 млн адамға артқан. Бұл жағдай Канада елінің туристік дестинацияларының инфрақұрылымына, экожүйесіне тыс салмақ салып, тартымды жерлердің қоршаған ортасының ластануына әкеліп соқты.

Соңғы жылдары овертуризм нәтижесінде туындаған мәселелерді шешу мақсатында Ка-

нада үкіметі жергілікті басқару органдарымен бірлесіп ел ішінде туристік ағынды бөлістіру, жергілікті қауымдастықтарды қолдау, табиғат ресурстарының ерекше қасиеттерін сақтауға бағытталған стратегияларды жүзеге асыруда. Мысалы, туристер ортасында белгілі Морейн көлі, Колумбия мұздығы, Джонстон каньоны орналасқан Канаданың ең ескі Банф ұлттық паркінің аумағында бүгінгі күні овертуризм нәтижесінде экомаршрут жолдарының тозуы, қоршаған ортаның ластануы, жабайы табиғаттың ерекше қасиеттерінің жоғалуы байқалады [11]. Атаулы мәселелер және оларды шешу бүгінгі күні тек жергілікті билік етуші органдары тарапынан ғана емес, сонымен қатар Үкімет деңгейінде қарастырылуды қажет ететін маңызды міндеттердің біріне айналды.



Сурет 3 – Американың ірі елдеріндегі келуші туристер саны
Ескерту: БТҮ мәліметтері [5] негізінде құрылды

Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда Канада Үкіметі овертуризмге балама ретінде қалыптасқан soft туризм қағидаларын түрлі туристік қызметтерді ұйымдастырудың негізіне енгізбекші. Яғни, қорғалатын аймақтарда қандайда туризм түрлері жүзеге асырылса да негізінде табиғатты қорғау, туристер тарапынан жауапты әрекет, орта элементтерін қорғау, сыйлау және құрметтеу сияқты құндылықтар жатады. Қазіргі кезде soft туризмді дамыту мақсатында Канада елінде мемлекеттік органдар, арнайы туризм саласында құрылған комиссиялар, жергілікті басқару органдары, бизнес өкілдер, қоғамдық

ұйымдар бірлесіп келесі негізгі іс-шараларды жүзеге асыруда: ерекше қорғалатын аймақтарда сұранысы жоғары маусымда келушілер санына лимиттер орнату (мысалы Банф паркіндегі Морейн көлінің жағажайында жазғы уақытта демалысты өткізу); экологиялық білім беру (туристер арасында экологиялық сауаттылықты арттыруға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыру, кеңес беру ақпараттық орталықтарды орнату, арнайы дағдылары бар гидтерді дайындау); инфрақұрылымдық жақсартулар (тұрақты экологиялық даму инфрақұрылымын қалыптастыру, қалдықтарды қайта өңдеу жүйесін

құру және т.б.); жергілікті қауымдастықтармен серіктестік орнату (жергілікті тұрғындарды ерекше қорғалатын аймақтарды басқару үрдісіне араластыру, жергілікті бизнесті қолдау және дамыту және т.б.); soft туризм аясында халықаралық ынтымақтастықты нығайту (тәжірибе алмасу, экологиялық мәселелерді шешуге халықаралық ұйымдарды араластыру, soft туризм құндылықтарын әлемге танымал ету және насихаттау).

Soft туризмді дамыту және оның негізгі қағидағтарын насихаттау америкалық елдердің ішінде тек Канадаға ғана емес, басқа да ірі мемлекеттерге де тән дүние. Мысалы, Америка континентіне келетін туристердің басым бөлігіне қызмет көрсететін АҚШ бүгінгі таңда

туристік тұрғыда жоғары тартымдылыққа ие территорияларда овертуризмнің кері әсерін төмендету үшін эко инфрақұрылымға қомақты инвестициялық ресурстарды салуда. Йеллоустоун, Үлкен каньон және Йосемит сияқты әлемге белгілі ұлттық парктерде арнайы қоршаған ортаға зиян келтірмейтін, аймақтың флорасы мен фаунасының ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік беретін арнайы технологиялар енгізіліп, туристер үшін ақпараттық электронды тақтайшалар орнатылған [12]. Елде туризмнің табиғи қоршаған ортаға әсерін шектейтін қатаң экологиялық ережелері бар. Экологиялық таза маршруттар, сонымен қатар саяхатшылардың көміртегі ізін барынша азайту, электр көлігі мен экологиялық таза қонақ үйлерді пайдалану бағдарламалары әзірленген.

Кесте 2 - Soft туризм саласындағы халықаралық тәжірибе ерекшеліктері

Көрсеткіштер	Жаңа Зеландия	Жапония	Канада
Жыл сайынғы келушілердің орташа саны	23 млн адам	32 млн адам	20 млн адам
Туристердің ағынын реттеу бағыттары	Жаңа дестинацияларды қалыптастыру, жаңа территорияларды игеру, туристер арасында әлі белгісіз аймақта тұрақты туризмге бағытталған инфрақұрылымды қалыптастыру	Туристерді мәдени танымдылық туризмге бағыттау, елдің тарихын насихаттау, тарихи-мәдени орталықтардың тартымдылығын арттыру	Туристік орталықтардағы келушілердің санын бақылау, шектеулерді қою, ерекше қорғалатын аймақтарда жоғары сұраныс байқалатын маусымда туристерді қабылдау лимиттерін белгілеу
Дамыту инициаторы	Soft туризм жергілікті қауымдастықтардың бастамасы негізінде дамуда	Ұлттық туристік ұйым бастамасымен дамуда	Туризмді дамытуда комиссия, мемлекеттік органдар және жергілікті қауымдастықтардың бәрлесіп, қолдауы
Мемлекеттік қолдау	Орталық мемлекеттік органдардың бастамалары және жобалары жергілікті қауымдастықтың бастамалары (50\$ млн-ға дейінгі гранттар)	Мемлекеттік бағдаламалар және жергілікті префектуралардың бастамалары (100\$ млн-ға дейін бюджетті белгілейді)	Ұлттық стратегиялар, арнайы комиссиялардың бағдарламалары, қаржылық қолдау (200\$ млн-ға дейін гранттарды беру)
Инфрақұрылым және технологиялар	Тұрақты даму инфрақұрылымы, экомаршруттар, цифрлық технологиялар (мобильды қосымшалар)	Мәдени-тарихы орталықтар, эко қонақ үйлер, экомаршруттар, цифрлық платофрмалар (робот-гидтер)	Қоршаған орта тазалығын сақтау технологиялары, эко қонақ үйлер, экомаршруттар, геопарктер, цифрлық технологиялар және жасыл технология
Білім беру бағдарламалары, экологиялық тұрақтылық құндылықтарын қалыптастыру	Жергілікті тұрғындар мен туристерге арналған бағдарламалар (50% туристерді қамтиды)	Туристер мен жергілікті қауымдастықтарға арналған бағдарламалар (60% туристерді қамтиды)	Демалушылар мен туристерге арналған бағдарламалар (70% туристерді қамтиды)
Soft туризмді дамыту саласындағы халықаралық ынтымақтастық	БТҰ бастамаларын қолдау және жүзеге асырылуына қатысу	БТҰ және ЮНЕСКО бастамаларын қолдау және жүзеге асырылуына қатысу	БТҰ, ЮНЕСКО, ХЭФ, халықаралық волонтерлік қозғалыс, жасылдар қозғалысы бастамаларын қолдау және жүзеге асырылуына қатысу
Ескерту: авторлармен құрастырылды			

Soft туризмін дамыту бірқатар Еуропалық елдердің алдында туризм саласын тұрақты дамытуда басты міндетке айналған. Soft туризмнің

отаны болып саналатын Швеция «табиғат құқығы» концепциясын белсенді түрде дамытуда, бұл адамдарға экологиялық стандарттарды сақтай

отырып, табиғи аумақтар арқылы қозғалуға мүмкіндік береді. Дамыған экомаршруттар, кемпингтер мен ақпараттық орталықтар желісі елді soft туризмдегі көшбасшылардың біріне айналдырады. Швециялық Стефан Гослин туризмнің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін барынша азайтудың және soft туризмді дамытуда тұрақты даму принциптерін сақтаудың маңыздылығын атап көрсетеді [13].

Италиялық Мария Грациа Каса soft туризмді аймақтық дамудың маңызды факторы ретінде қарастырады, жаңа жұмыс орындарын құруға, жергілікті кірістерді арттыруға және инфрақұрылымды дамытуға ықпал етеді деп тұжырымдаған.

Германияда экологиялық таза туризм тұжырымдамасы белсенді түрде дамып келеді. Елде энергия тиімділігі мен жаңартылған энергия көздерін пайдаланудың жоғары стандарттарына сәйкес келетін экоқонақ үйлерді (Viabono) сертификаттау жүйесі бар. Сондай-ақ, Фрайбург және Гейдельберг сияқты велосипедпен жүру және серуендеу үшін жақсы дамыған инфрақұрылымы бар «жасыл қалалар» тұжырымдамасы жүзеге асырылған [14]. Германия табиғи парктер мен биосфералық қорықтарды дамытуға белсенді түрде инвестиция салуда, туристерге экологиялық білім беруді және табиғатты қалпына келтіруге арналған волонтерлік жобаларды қамтитын жауапты демалыс бағдарламаларын ұсынады.

Басқа да елдер тәжірибесінде soft туризмнің дамуы маңызды орын алуда. Мысалы, Коста-Рика экотуризмнің ұлттық экономикаға табысты интеграциясының мысалы болып табылады. Ел аумағының 25%-дан астамы табиғатты қорғау аймақтарына бөлінген, ал туризмнен түскен табыстың едәуір бөлігі биоәртүрлілікті сақтауға және жергілікті қауымдастықты дамытуға жұмсалады [15].

Австралия бірегей экожүйелерді сақтауға ерекше назар аудара отырып, soft туризмді белсенді дамытуда. Мұнда Какаду және Ұлы тосқауыл рифі сияқты ұлттық парктер қоршаған ортаға әсерді азайтуға бағытталған туристік қызметке қатаң шектеулер қояды [16]. Саяхатшыларға қоршаған ортаға зиян тигізбестен елдің табиғи сұлулығын зерттеуге мүмкіндік беретін арнайы экомаршруттар әзірленген. Сонымен қатар, Австралия экологиялық курорттарды дамыту және туризм секторында жасыл көлікті пайдалануды ынталандыру бағдарламаларын жүзеге асыруда.

Грузия мемлекеті тау жоталарын, қорықтар мен ұлттық саябақтарды қамтитын бірегей табиғи ландшафтының негізінде экотуризмді белсенді

дамытуда. Елде қоршаған ортаға аз әсер ететін табиғатты тамашалағысы келетін туристерді тартатын Сванети, Казбеги және Боржоми сияқты көптеген экологиялық маршруттар жасалған [17]. Soft туризмді дамыту мақсатында әзірленген стратегияның маңызды элементі ретінде жергілікті қауымдастықтарды қолдау, яғни туристерге аймақтың мәдениетін жақсырақ түсінуге мүмкіндік беретін қонақ үйлерді, экологиялық таза фермаларды және қолөнер шеберханаларын дамыту сияқты шараларға басымдық береді.

Демек, шет елдердің тәжірибесі soft туризмді табиғатты сақтаудың жолы ғана емес, экономиканы дамытудың қуатты құралы екенін көрсетеді. Бұл тәжірибелерді Ресейде қолдану экологиялық, экономикалық және әлеуметтік артықшылықтарды біріктіретін тұрақты туризм секторын құруға ықпал ете алады. Ресейде экотуризм белсенді дамып келе жатқан Байкал қорығы, Кенозерск ұлттық паркі мен қорықтар құрылды. Туристер бұл аймақтарға арнайы жасалған маршруттар бойынша келе алады, бұл қоршаған ортаға зиянын азайтады. Сонымен қатар, экотуризм саласындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік бағдарламалары белсенді дамып келеді. Осылайша, Мәскеу мен Санкт-Петербург жасыл аймақтарды және қалалық экологиялық демалысты дамыту жобаларын жүзеге асырылуда.

Демек, бүгінгі күні soft туризм тұрақты дамудың негізі бола отырып бірқатар туризмді дамытуға мүдделі елдердің тәжірибесінде маңызды орын алады және де туристік инфрақұрылымды қалыптастыруда басымдықтарды анықтаушы құрал ретінде қолдануда. Әрине, soft туризмді дамыту және оған сәйкес инфрақұрылымдық негізді құру қомақты қаражатты және мүдделі стейкхолдерлер арасында тығыз интеграциялық байланыстардың қалыптасуын талап етеді, егер керекті жағдай қалыптастырылса soft туризм аймақтағы экологиялық мәселелерді шешіп қана қоймай, ұзақ мерзімдегі территорияның туристік тартымдылығын арттырады және жауапты туризмге сәйкес келетін оңтайлы имиджды құруға негіз қалайды.

Талқылау. Халықаралық тәжірибеге сәйкес жарқын және танымал іс-шараларды өткізу туристік ағынды ұлғайтудың ең тиімді тетіктерінің бірі болып табылады. Осыған орай, Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде мәдениет, тарихи мұра және табиғат элементтерімен дестинацияларды халықаралық тәжірибеге ұқсас: Жапония – Сакура, Фудзияма, шай рәсімі; Қытай – Ұлы Қытай Қабырғасы,

панда, қытай тағамдары; Австралия – кенгуру, маржан рифтері; Египет – пирамидалар және т.б. сәйкестендіру бойынша жұмыс жоспарланғанын көреміз. Бұл дегеніміз, халықаралық тәжірибеге сүйеніп, еліміздің ерекшеліктерін ескере отырып, туризмді, оның ішінде soft туризмді дамытуға бейімделу қажетпіз. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда тұрақты туризмді дамыту шеңберінде ұлттық парктерді басқарудың ең тиімді әлемдік тәжірибесі АҚШ, Австралия және Грузия елдерінде кездеседі. Мұндай елдерде биологиялық алуантүрлілікті сақтау, инвестиция тарту, кәсіпкерлікті және туризмді дамыту бойынша іс-шаралар нақты белгіленген. Ұлттық парк қызметінің әр бағыты басқа бағытқа зиян келтірместен тиімді және үйлесімді түрде дамиды [18].

Австралиялық ғалым Дэвид Уивер туристерді, жергілікті тұрғындарды, бизнесті және мемлекетті қоса алғанда, барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеретін soft туризмді дамытудың тиімді стратегияларын әзірлеудің маңыздылығын атап көрсетеді. Бұл soft туризмді зерттейтін белгілі шетелдік ғалымдардың бір бөлігі ғана. Олардың пікірлері мен зерттеулері осы саланың дамуына, танымал болуына ықпал етеді және туризмді дамытуға қатысты мәселелердің тиімді шешімдерін табуға көмектеседі.

Овертуризм әлемдегі көптеген танымал туристік бағыттар үшін барған сайын өзекті мәселеге айналуға және мұндай жағдай Қазақстанда да туындауы мүмкін. Елімізде туристік әлеуеті қарқынды түрде дамып келе жатқан кейбір отандық туристік орталықтар қазірдің өзінде шектен тыс туристік ағынның жағымсыз салдарына тап болуда. Олардың қатарына ерекше табиғи көрікті жерлерімен әйгілі Алтын-Емел, Щучье-Бурабай ұлттық парктерін және Зеренді, Балқаш сияқты курорттық аймақтарын жатқызуға болады. Мысалы, Алтын Емел ұлттық паркі соңғы жылдары жергілікті және шетелдік туристер арасында өте танымал. Бұл өз кезегінде парктің экожүйесіне жүктеменің айтарлықтай артуына әкеледі. Сонымен қатар, Алматы облысындағы Көлсай және Қайыңды көлдері әсем табиғатымен, ерекше пейзаждарымен көптеген туристерді тартады, әсіресе жаз мезгілінде. Бұл жағдайда: қоршаған ортаға жүктеме артады; қоқыс көлемі көбейіп, соқпақтарда топырақ эрозиясы байқалады; автотұрақ пен дәретхана сияқты инфрақұрылымның жоқтығы келушілерге қолайсыздық туғызады; көлік қозғалысының көбеюі тар тау жолдарында кептелістер туғызып, көлдерге қатынауды қиындатады.

АҚШ-тағы Үлкен каньонды еске түсіретін Шарын каньоныда туристер арасында жоғары тартымдылыққа ие. Мұнда да овертуризмнің салдарынан қоқыс көлемінің артуы, туристердің үлкен ағыны салдарынан нәзік геологиялық құрылымдардың зақымдануы, адамдардың теріс және жауапсыз әрекет ету кесірінен ландшафтқа кері әсер етуі, автокөліктерден туындаған көп мөлшердегі шаң-тозаң байқалады.

Сондай-ақ дәл осындай мәселелерге өзінің көлдерімен, тауларымен әйгілі, танымал демалыс орны Бурабай курорттық аймақ да тап болуда. Демалушылардың көптігі көлдің ластануына, қызу маусымда жолдар мен автотұрақтардың кептелісіне, тұрмыстық қалдықтар көлемінің артуына және қонақ үйлер мен басқа да инфрақұрылымдық нысандардың ретсіз құрылысы табиғи ортаға теріс әсер етуіне әкеліп соғуда.

Бұл мысалдар овертуризмнің еліміздің көптеген табиғи көрікті жерлері бар аймақтарда күрделі мәселелер туғызатынын көрсетіп отыр. Бүгінгі күні бұл аймақтар туристер ағынын реттеу және қоршаған ортаны қорғау шараларын қабылдау қажеттігін меңзейді.

Қазақстандағы soft туризмнің даму мүмкіндіктері географиялық алып жатқан орналасу орнынан бастап, ондағы табиғи, тарихи және мәдени байлықтарды қоса алғанда мекендейтін әртүрлі этностардың мәдени-тарихи ерекшеліктерін көрсететін туристік саладағы маңызды бағыт болып табылуы мүмкін. Қазақстанның Алтай тауларынан Шарын шатқалына дейін кең және алуан түрлі табиғи ландшафттары мұндай тәжірибелерді жүзеге асыруға айтарлықтай мүмкіндіктер береді. Алтын-Емел және Қатонқарағай сияқты ұлттық парктер экотуризм үшін тамаша бағыт болып табылады. Сонымен қатар, мәдени туризм Қазақстанның көшпелі дәстүрлерінің бай мұрасын көрсете алады. Демек, Қазақстан бірегей ерекше табиғатымен (Алтай, Тянь-Шань, Каспий, Баянауыл, Бурабай), мәдени мұраларымен (этноауылдар, көшпелі мәдениет, киелі жерлер) және бай тарихымен soft туризмді дамыту үшін зор әлеуетке ие. Осындай мүмкіндіктерді иелене отырып, бұл туризм түрінің дамуына барынша қолдау жасау сіз бен біздің міндетіміз. Алайда, бұл бағытты тежеуші бірқатар проблемалар бар екені белгілі: мысалы, инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы (экологиялық туристік маршруттардың жоқтығы, ақпараттық орталықтардың жетіспеушілігі), әлсіз экологиялық саясат (танымал демалыс орындарында қоршаған ортаны қорғаудың қатаң стандарттарының болмауы),

soft туризм тұжырымдамасы туралы халықтың хабардарлығының төмендігі.

Дегенмен, отандық зерттеулер аймақта тұрақты туризм қағидаттарының шектеулі жүзеге асырылуын көрсетеді. З. Садвакасова және басқалардың айтуынша, елдің туризм саясаты көбінесе экологиялық тұрақтылық есебінен ауқымды инфрақұрылымдық жобаларға бағытталған [19].

Шетелдік ғалымдардың пайымдауларына ел туризмінің тұрақты даму көзі ретінде soft туризмге негізделу турист, жергілікті қауымдастық және мемлекет болып бірлесе атқарған жұмыстар нәтижесінде көрініс табады.

Шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, Қазақстан туристік маршруттарды дамыту, қауымдастық негізіндегі туристік кәсіпорындарды қолдау және жергілікті экожүйелер туралы білім беру бағдарламаларын құру сияқты экотуризм бастамаларын ілгерлетуден пайда көре алады. Сонымен қатар, Швейцария мен Жаңа Зеландияда жасалғандай, туризмді басқарудың цифрлық құралдарын пайдалану Қазақстандағы soft туризмнің қолжетімділігі мен тұрақтылығын жақсартып алады.

Ағымдағы бастамалардың мысалдарына тоқталатын болсақ, Ұлттық парктегі экотуризм (Ле-Алатауы, Катонқарағай, Шарын каньоны), мәдени мұраға назар аударатын «Көшпенділер әлемі» сияқты жәрменкелер мен этнофестивальдар, Алматы облысы мен Маңғыстауда глампинг аймақтарын дамыту сияқты шаралары жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 18-наурызындағы №262 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» [18] шеңберінде ағымдағы жағдайы талданып, халықаралық тәжірибеге шолу жасалынып, бірқатар шешу жолдары қарастырылған. Бүгінгі таңда туризм саласында бірқатар мәселелер белең алып отыр, мысалға, туристік тартылыс орындарында инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, яғни көлік-логистикалық, инженерлік-коммуникациялық, сервистік және басқа да туристік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, кей жағдайда болмай қалуы, өз кезегінде ұсынылатын туристік өнімнің сапасын төмендетеді. Сонымен қатар, абаттандырылған СГН (санитарлық-гигиеналық нүктелер) мен заманауи жол бойындағы қызмет көрсету нысандарының болмауы отандық және шетелдік саяхатшыларды итермелейді, сондай-ақ өңірлерге инвесторларды тартуға теріс әсер етеді. Осындай проблема ерекше қорғалатын табиғи аймақтарда тіркелген.

Осылайша, халықаралық тәжірибе туризмнің дамуын қамтамасыз етудегі атқарушы биліктің белсенді рөлін табыстық маңызды факторларының бірі болып табылатынын көрсетеді.

Демек, еліміздегі soft туризмнің шешімдері мен даму перспективаларын ұсынсақ:

- экологиялық маршруттар желісін құру: табиғатқа аз әсер ететін «жасал соқпақтарды» дамыту және туристер үшін электронды гидтер мен ақпараттық қосымшаларды енгізу;

- БАҚ арқылы тұрақты туризмді ілгерлету: soft туризм бойынша білім беру бағдарламалары мен блог науқандарын жүргізу, қазақстандық ықпал етушілер мен саяхат блогерлерін тарту;

- кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және ынталандыру: экотуризм нысандары мен қонақ үйлерге жеңілдіктер мен субсидиялар қарастыру, швейцариялықтар сияқты «эко қонақ үйлер» ұлттық стандарттарын құру;

- этно- және экотуризмді дамыту: туристердің танымдылығын арттыру мақсатында қазақ этникалық ауылдарын қолдау, киіз үй лагерьлерінде тұру мүмкіндігімен экотурларды дамыту;

- экологиялық бақылауды күшейту: сезімтал аймақтардағы келушілер санын шектеу (Канада үлгісі бойынша) және ерекше қорғалатын аумақтарға баратын туристерге «экосалықтар» жүйесін енгізу.

Қорытынды. Қорытындылай келе, soft туризм Қазақстан үшін экономикалық өсуді, экологиялық және мәдени тұрақтылықты теңестірудің құнды мүмкіндігі болып табылады. Халықаралық тәжірибені зерделеу және стратегиялық бастамаларды жүзеге асыру арқылы Қазақстан Орталық Азиядағы тұрақты туризмнің жетекші бағытына айнала алады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мұндай жобаларды сәтті жүзеге асыру үшін экологиялық саясат, инфрақұрылымға инвестиция және білім беру бастамалары қажет. Қазақстанда әлемдік тәжірибені бейімдеуге және бірегей soft туризм брендині құруға барлық мүмкіндіктер бар.

Шын мәнінде, soft туризмнің халықаралық тәжірибесі Қазақстанда сәтті бейімделуі мүмкін. Елімізде туризмнің осы түрін дамытуға өте қолайлы бірегей табиғи ресурстар мен мәдени мұралар баршылық. Ол үшін еліміздің ерекшеліктерін ескеру керекпіз: кең-байтақ аумақтар, климаттық белдеулердің әртүрлілігі, көшпенділердің дәстүрлері мен жергілікті мәдениеттің ерекшеліктері. Бейімдеу экомаршруттарды дамытуды, жергілікті қолөнершілерді қолдауды, ауыл туризмі үшін жағдай жасауды және

тұрақты туризм қағидаттарына гидтерді оқытуды қамтуы керек.

Soft туризмнің әлеуметтік-экономикалық пайдасына тоқталар болсақ, бұған ауылдық жерлердегі жұмыс орындарын құру, туристік қызмет көрсету арқылы жергілікті кірістерді арттыру, дәстүрлі қолөнер мен халық ауыз әдебиетін сақтау кіреді. Сонымен қатар soft туризм экологиялық сана мен жауапкершілікті дамытады, бұл қоршаған ортаға оң әсер етеді. Туризмнен түскен кірісті дұрыс үлестіру қоршаған ортаны қорғауға және инфрақұрылымды дамытуға бағыттауға болады.

Қазақстандағы soft туризмнің әлеуетін тиімді жүзеге асыру үшін кешенді тәсіл қажет. Бұл

тұрақты туризмді ынталандыратын заңнамалық базаны дамыту, эко-инфрақұрылымды (экологиялық жаяу жүргіншілер жолдары, келушілер орталықтары) құру, білікті гидтер мен экологиялық туризм мамандарын даярлауды қамтиды. Түсімдерді әділ бөлу және мәдени бірегейлікті сақтау үшін жергілікті қауымдастықтың туризмді дамытуға белсене қатысуы маңызды. Сондай-ақ елімізді халықаралық деңгейде soft туризмнің дестинациясы ретінде таныту қажет.

Жалпы, soft туризм, ол Қазақстанның табиғаты мен мәдениетін сақтаудың ғана емес, сонымен қатар тиімді экономикалық сектордың біріне айнала алады.

Әдебиет тізімі

- Milano C., Novelli M., Russo A.P. Anti-tourism activism and the inconvenient truths about mass tourism, touristification and overtourism // *Tourism Geographies*. - 2024. - №26 (8). – pp. 1313–1337. <https://doi.org/10.1080/14616688.2024.2391388>.
- Jungmeier M., Borsdorf A., Braun V., Häring V., Hammer T., Pichler-Koban C. Pärke, Parks and Reserve-biosphere reserves in Austria, Germany and Switzerland on their way towards Biosphere 4.0? // *Eco. mont-journal on protected mountain areas research*. - 2021. - №13. – pp. 15-26. <https://doi.org/10.1553/eco.mont-13-sis15>.
- Santos-Rojo C., Llopis-Amoros M., García-García J.M. Overtourism and sustainability: A bibliometric study (2018–2021) // *Technological Forecasting and Social Change*. – 2023. - №188. - 122285. <https://doi.org/10.1016/j.techfore.2022.122285>.
- Васильев Д.О., Тимофеева Л.С. Экологический туризм: модель Новой Зеландии // *Казанский вестник молодых учёных*. – 2019. - №7 (1). – С. 33-41.
- Harkison T. Reflecting on moving forward: luxury hospitality in New Zealand post-CoVID-19 // *Research in Hospitality Management*. – 2023. – №13(1). – pp. 5-9.
- Asahi S. Analysis of the Impact of Overtourism in Japan: The Effects of Congestion Phenomena. In *Econometric Analysis of Regional Economy* // Singapore: Springer Nature Singapore. – 2024. - №23. - pp. 107-136. https://doi.org/10.1007/978-981-99-8707-8_3.
- Сайт UNWTO. <https://www.unwto.org/tourism-data/global-and-regional-tourism-performance> (қолданылған күні: 28.02.2025).
- Takahashi K., Nakamura Y. Preserving Rural Heritage through Cultural Tourism: Insights from Japan's Satoyama Experience // *Asia-Pacific Journal of Tourism Research*. – 2018. - №23(2). - pp. 178-193.
- Lee S. Classifying Tourist Destinations in Japan for Overtourism // *Journal of Advanced Research in Social Sciences*. – 2022. - №5 (4). – pp. 27-34. <https://doi.org/10.33422/jarss.v5i4.663>
- Сайт CTC (Canadian Tourism Commission). <https://federal-organizations.canada.ca/profil.php?OrgID=CTC&lang=en> (қолданылған күні: 01.03.2025).
- Khomsi M.R., Fernandez-Aubin L., Rabier L. A prospective analysis of overtourism in Montreal // *Journal of Travel & Tourism Marketing*. – 2020. - №37(8-9). – pp. 873-886. <https://doi.org/10.1080/10548408.2020.1791782>.
- Butler R.W., Dodds R. Overcoming overtourism: a review of failure // *Tourism Review*. – 2022. - №77(1). – pp. 35-53. <https://doi.org/10.1108/TR-04-2021-0215>.
- Butler R. W. Tourism, Environment and Sustainable Development // *Environmental Conservation*. – 1991. - №18. – pp. 201-209. <https://doi.org/10.1017/S0376892900022104>.
- Bouchon F., Rauscher M. Cities and tourism, a love and hate story; towards a conceptual framework for urban overtourism management // *International Journal of Tourism Cities*. – 2019. - №5(4). – pp. 598-619. <https://doi.org/10.1108/IJTC-06-2019-0080>.
- Gössling S., Scott D., Hall M. Pandemics, tourism and global change: a rapid assessment of COVID-19 // *Journal of sustainable tourism*. – 2020. - №29 (1). – pp. 1-20.
- Mihalic T. Conceptualising overtourism: A sustainability approach // *Annals of Tourism Research*. – 2020. - №84. - 103025. <https://doi.org/10.1016/j.annals.2020.103025>.
- Kvirkvelia N., Tsitsagi M. Impact of COVID-19 on tourism in Georgiaan overview // *Georgian Geographical Journal*. - 2021. - №1(1). – pp. 56-68. <https://doi.org/10.52340/ggj.2021.08.10>.
- Sadvakasova Z., Assylbekova A., Nurmukhambetov S. Sustainable Tourism Development in Kazakhstan: Challenges and Opportunities // *Central Asian Journal of Tourism*. – 2020. - №15(3). – pp. 45-59.
- Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>. (қолданылған күні: 10.03.2025).

References

- 1 Milano C., Novelli M., Russo A.P. Anti-tourism activism and the inconvenient truths about mass tourism, touristification and overtourism // *Tourism Geographies*. - 2024. - №26 (8). – pp. 1313–1337. <https://doi.org/10.1080/14616688.2024.2391388>.
- 2 Jungmeier M., Borsdorf A., Braun V., Häring V., Hammer T., Pichler-Koban C. Pärke, Parks and Reservate-biosphere reserves in Austria, Germany and Switzerland on their way towards Biosphere 4.0? // *Eco. mont-journal on protected mountain areas research*. - 2021. - №13. – pp. 15-26. <https://doi.org/10.1553/eco.mont-13-sis15>.
- 3 Santos-Rojo C., Llopis-Amoros M., García-García J.M. Overtourism and sustainability: A bibliometric study (2018–2021) // *Technological Forecasting and Social Change*. – 2023. - №188. - 122285. <https://doi.org/10.1016/j.techfore.2022.122285>.
- 4 Vasil'ev D.O., Timofeeva L.S. Jekologicheskij turizm: model' Novoj Zelandii // *Kazanskij vestnik molodyh uchjonyh*. – 2019. - №7 (1). – S. 33-41.
- 5 Harkison T. Reflecting on moving forward: luxury hospitality in New Zealand post-CoVID-19 // *Research in Hospitality Management*. – 2023. - №13(1). – pp. 5-9.
- 6 Asahi S. Analysis of the Impact of Overtourism in Japan: The Effects of Congestion Phenomena. In *Econometric Analysis of Regional Economy* // Singapore: Springer Nature Singapore. – 2024. - №23. - pp. 107-136. https://doi.org/10.1007/978-981-99-8707-8_3.
- 7 Sajt UNWTO. <https://www.unwto.org/tourism-data/global-and-regional-tourism-performance> (koldanylған кyні: 28.02.2025).
- 8 Takahashi K., Nakamura Y. Preserving Rural Heritage through Cultural Tourism: Insights from Japan's Satoyama Experience // *Asia-Pacific Journal of Tourism Research*. – 2018. - №23(2). - pp. 178-193.
- 9 Lee S. Classifying Tourist Destinations in Japan for Overtourism // *Journal of Advanced Research in Social Sciences*. – 2022. - №5 (4). – pp. 27-34. <https://doi.org/10.33422/jarss.v5i4.663>
- 10 Sajt STS (Canadian Tourism Commission). <https://federal-organizations.canada.ca/profil.php?OrgID=CTC&lang=en> (koldanylған кyні: 01.03.2025).
- 11 Khomsi M.R., Fernandez-Aubin L., Rabier L. A prospective analysis of overtourism in Montreal // *Journal of Travel & Tourism Marketing*. – 2020. - №37(8-9). – pp. 873-886. <https://doi.org/10.1080/10548408.2020.1791782>.
- 12 Butler R.W., Dodds R. Overcoming overtourism: a review of failure // *Tourism Review*. – 2022. - №77(1). – pp. 35-53. <https://doi.org/10.1108/TR-04-2021-0215>.
- 13 Butler R.W. Tourism, Environment and Sustainable Development // *Environmental Conservation*. – 1991. - №18. – pp. 201-209. <https://doi.org/10.1017/S0376892900022104>.
- 14 Bouchon F., Rauscher M. Cities and tourism, a love and hate story; towards a conceptual framework for urban overtourism management // *International Journal of Tourism Cities*. – 2019. - №5(4). – pp. 598-619. <https://doi.org/10.1108/IJTC-06-2019-0080>.
- 15 Gössling S., Scott D., Hall M. Pandemics, tourism and global change: a rapid assessment of COVID-19 // *Journal of sustainable tourism*. – 2020. - №29 (1). – pp. 1-20.
- 16 Mihalic T. Conceptualising overtourism: A sustainability approach // *Annals of Tourism Research*. – 2020. - №84. - 103025. <https://doi.org/10.1016/j.annals.2020.103025>.
- 17 Kvirkvelia N., Tsitsagi M. Impact of COVID-19 on tourism in Georgia: an overview // *Georgian Geographical Journal*. - 2021. - №1(1). – pp. 56-68. <https://doi.org/10.52340/ggj.2021.08.10>.
- 18 Sadvakasova Z., Assylbekova A., Nurmukhambetov S. Sustainable Tourism Development in Kazakhstan: Challenges and Opportunities // *Central Asian Journal of Tourism*. – 2020. - №15(3). – pp. 45-59.
- 19 Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тыңшырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздары № 262 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>. (koldanylған кyні: 10.03.2025).

<p>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор) Онаева Балдырган Талғатовна, Докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет, Астана қ., Қазақстан, e-mail: baldyrgan81@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-6370-2168</p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор) Онаева Балдырган Талғатовна, Докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан, e-mail: baldyrgan81@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-6370-2168</p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author) Onayeva Baldyrgan Talgatovna, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, e-mail: baldyrgan81@mail.ru, ORCID ID: https://orcid.org/0009-0002-6370-2168</p>
--	---	---

Мақала түскен күні: 18.03.2025
Мақала басылымға қабылданған күні: 31.05.2025

¹Ушкулакова Г.М.^а , ¹Жаксыбекова Д.К., ²Шокпаров А.Ж.

¹Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУЫЛ ТУРИЗМІНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ушкулакова Гулнара Мукамеденовна, Жаксыбекова Динара Кабировна,
Шокпаров Алибек Жумабекович

Алматы облысындағы ауыл туризмінің дамуы және мәселелері

Аңдатпа. Мақала Алматы облысының ауылдық аумақтарында кездесетін негізгі экономикалық және әлеуметтік сын-қатерлерді зерделеуге, сондай-ақ олардың орнықты даму құралы ретінде ауыл туризмінің әлеуетін талдауға арналған. Туризмнің осы бағытын дамыту ауылдық өңірлердің экономикасы мен әлеуметтік саласын нығайтуда маңызды рөл атқаратыны атап өтіледі. Қазақстандағы ауылдық туризм өлі қалыптасу сатысында тұрғанын ескере отырып, жұмыста бар кедергілерді анықтауға және оның одан әрі өсуі үшін стратегиялық бағыттарды айқындауға баса назар аударылады. Қазіргі уақытта біз бүкіл әлем бойынша ауыл туризмінің жаппай дамуын көріп отырмыз. Бұл ауыл туризмінің дамуына мүмкіндік беретіндігімен және оның дамуына кедергі келтіретіндігімен түсіндіріледі. Алматы облысындағы ауыл туризмінің жай-күйіне ерекше назар аударып, оны шешу мәселелері мен дамуы зерттеледі.

Түйін сөздер: ауыл туризмі, Алматы облысы, тұрақты даму, экономикалық қиындықтар, әлеуметтік кедергілер, агротуризм, туристік инфрақұрылым.

Ушкулакова Гулнара Мукамеденовна, Жаксыбекова Динара Кабировна,
Шокпаров Алибек Жумабекович

Развитие и проблемы сельского туризма в Алматинской области

Аннотация. Статья посвящена анализу ключевых экономических и социальных вызовов, с которыми сталкиваются сельские территории Алматинской области, а также оценке потенциала сельского туризма как инструмента их устойчивого развития. Подчеркивается, что развитие сельского туризма способствует укреплению экономики и социальной инфраструктуры в сельских регионах. Учитывая начальную стадию формирования данной сферы в Казахстане, в работе акцент сделан на выявлении основных барьеров и определении стратегических направлений её дальнейшего развития. Отмечается, что в глобальном масштабе сельский туризм демонстрирует устойчивый рост, что обусловлено его многофункциональной ролью. В статье рассматриваются тенденции и проблемы, сдерживающие развитие сельского туризма, с особым вниманием к текущему состоянию и перспективам этого направления в Алматинской области.

Ключевые слова: сельский туризм, Алматинская область, устойчивое развитие, экономические вызовы, социальные барьеры, агротуризм, туристская инфраструктура.

Ushkulakova Gulnara Mukamedenovna, Zhaksybekova Dinara Kabirovna,
Shokparov Alibek Zhumabekovich

Development and problems of rural tourism in the Almaty region

Abstract. The article is devoted to the study of the key economic and social challenges faced by rural areas of the Almaty region, as well as the analysis of the potential of rural tourism as a tool for their sustainable development. It is emphasized that the development of this area of tourism plays an important role in strengthening the economy and social sphere of rural regions. Considering that rural tourism in Kazakhstan is still at the stage of formation, the work focuses on identifying existing barriers and defining strategic directions for its further growth. Currently, we are witnessing the massive development of rural tourism around the world. This is because it allows rural tourism to develop and hinders its development. The development and problems of its solution are being studied, paying special attention to the state of rural tourism in the Almaty region.

Key words: rural tourism, Almaty region, sustainable development, economic challenges, social barriers, agritourism, tourism infrastructure.

Кіріспе. Туризм саласының ішінде ауыл туризмі – туризм индустриясының жаңа бағыты. Оны әдетте агротуризм немесе жасыл туризм деп те атайды. Қазіргі уақытта ол бүкіл әлемде белсенді түрде дамып келеді. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында туризм саласына басымдық берілген. Бұл экономиканың басқа салалары туризмнің мүддесін ескере отырып жұмыс істеуі керек дегенді білдіреді. Қазақстанда туризм индустриясы енді ғана қалыптаса бастады, демек еліміздің ауылдық аймақтарының зор әлеуеті – табиғи, тарихи, этнографиялық, экологиялық, мәдени туризмді ұйымдастыру үшін әлі де сұранысқа ие болады. Ең алдымен табиғи нысандарға деген сұраныспен қызығушылықтың өсуі осы елдердегі ішкі туризмнің дамуының алғышарты болды. Соның нәтижесінде агротуризмді аса танымал туризм түрі ретінде қалыптастырады. Қазіргі таңда ауыл туризмі Еуропада кеңінен таралған құбылыс болып отыр. Жыл сайын Италия, Франция, Испания бірнеше миллион туристерді қабылдайды. Ауыл туризмі әлемде ең табысы мол сала болғандықтан, біздің де осы саланы дамытып, пайда көруімізге болады. Қазақстанда ауылдық жерлердегі тұрғындар туризмнің осы түрімен айналысып, шетелдегідей дамытуға болады, бірақ көптеген кедергілері бар. Сол себепті мемлекеттің «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы сияқты жобалары негізінде агротуризмге жеңілдік жасалып, түрліше қолдау көрсетіліп жатыр. Бұл тақырыптың өзектілігі ауыл туризмі қазіргі кезде Еуропа елдеріндегі ең танымал демалыс түріне айналған. Әлемнің көптеген мемлекеттері осы туризмнің түрін дамытудың өзіндік жолдарын қалыптастырып, бүгінгі күні үлкен пайдаға кенеліп отыр. Ауыл тұрғындарына өздерінің кішігірім кәсіптерін ашып, дамытуға, сонымен қатар қоршаған ортаға зиян келтірместен жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Туризм нақты экономикалық пайда әкелу үшін, ол жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға ықпал ету керек. Туризмді дамытудағы ең басты мақсат – тұрақты аймақтық дамуға қол жеткізу [1].

Зерттеу мақсаты: Алматы облысында ауыл туризмінің қазіргі жағдайы мен келешегін зерделеу арқылы ауыл туризмін дамытуға кедергі келтіретін мәселелерді шешу жолдарын ұсыну болып табылады.

Зерттеу міндеттері: Алматы облысындағы ауыл туризмінің қазіргі жағдайын, күшті және әлсіз жақтарын зерттеу. Алынған нәтижелер барысында қорытынды жасау.

Әдістер мен материалдар. Ауыл туризмінің Алматы облысының туристік секторына әсерін

жан-жақты зерттеу үшін сандық және сапалық зерттеу әдістерін біріктіретін аралас әдіснамалық тәсіл тандалды. Бұл тәсіл өңірдегі туризмнің қазіргі жағдайы мен даму перспективалары туралы кешенді түсінік алуға мүмкіндік береді. Туристік орындарға бару, қонақжай үйлер мен орналастыру орындарын, туристік нысандарға бару туралы деректерді туризм саласындағы аналитикалық шолулар, статистикалық есептер болып табылады.

Ауыл туризмі саласындағы туристік өнімдер мен қонақжай үйлердің қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін бағалау үшін туристердің пікірлерін зерттеу. Зерттеу деректерді жинау құралдарын дайындаудан бастап нәтижелерді талдауға және түсіндіруге дейінгі кезеңдерде ұйымдастырылды. Бірінші кезекте әдеби шолу мен зерттеу базасын қалыптастыруды қамтитын дайындық жұмыстары жүргізілді.

Келесі кезеңдерде жиналған деректерді талдауды, нәтижелерді түсіндіруді және қорытындылар мен ұсыныстарды тұжырымдауды қамтыды. Зерттеуді ұйымдастырудың барлық кезеңдері бірімен тығыз байланысты және зерттеу мақсаттарына жетуге бағытталған.

Нәтижелер. Соңғы уақытта Дүниежүзілік Туристік Ұйым деректері туризм әлемдегі табысы жоғары саланың бірі болып саналатынын айтуда, ол машина жасау және мұнайдан кейінгі экономиканың табысты салаларының бірі болып табылады. Әлемде өндірістің әрбір 9-шы жұмыс орнын қамтамасыз етеді екен. Туризм индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан қызмет көрсетулердің халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады. Осындай табысы мол сала болып табылатын туризмнің бір түрі ауыл туризмі. Қазіргі уақытта біз бүкіләлем бойынша ауыл туризмінің жаппай дамуын көріп отырмыз. Бұл ауылдық туризмнің дамуына мүмкіндік беретіндігімен түсіндіріледі және бірнеше тапсырманы бірден шешуге мүмкіндік береді:

1. Ауылдағы кедейлікпен күрес.
2. Әр түрлі аумақтардың шынайы өмір салтын сақтау.
3. Мәдени алмасуды жақсарту.
4. Бірегей туристік тәжірибе.
5. Туристердің қызығушылығының артуы.

Осындай мәселелерді шешуде тұрақты даму стратегиясын айтуға болады. Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) - бұл кедейлікті жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған әлемде қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыттар тандалды, олардың жүзеге асырылуы елді өмірдің

барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге жетелейді. «Тұрақты даму» тұжырымдамасы көпөлшемді. Егер ол сөздің кең мағынасында түсіндірілсе, онда экономикалық, әлеуметтік-мәдени, саяси, геофизикалық және экологиялық аспектілері. Ал ғылыми жағына келсек, алғаш тұрақты даму жөніндегі түсінік XVIII ғасырда өмір сүрген ағылшын экономисі Томас Роберт Мальтустың еңбектерінде кездеседі. Мальтус өз еңбегінде ресурстардың санын арттыру қолға алынбаса, әлем болашақта аштық, соғыс, экологиялық апат сияқты қиындықтарға тап болуы мүмкін екендігін айтқан. 2015 жылға дейін әлем елдері «Мыңжылдықтың даму мақсаттары» деген жобаны жүзеге асырған болатын. • «Мыңжылдықтың даму мақсаттары» негізінен әлеуметтік және экологиялық, ынтымақтастық саласындағы 8 мақсатты қамтыды. Әр мақсат бойынша нақты индикатор анықталды. 2015 жылы алға қойған міндеттер ойдағыдай орындалды. Алайда әлем алдында экономикалық және әлеуметтік дамудың

барлық саласын қамти отырып, қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей даму жолына түсу міндеті тұрған еді. Сондықтан Біріккен Ұлттар Ұйымының құрамындағы 193 ел бірлесіп отырып, «2030 жылға дейінгі Ғаламдық күн тәртібін» қабылдады. Оны қысқаша «Тұрақты даму мақсаттары» деп атайды. Осы тұрақты даму мақсаттарының барлық саласы туризмді дамытуға қолдануға болады. Ауыл туризмі қазіргі кезде Еуропа елдеріндегі ең танымал демалыс түріне айналған. Әлемнің көптеген мемлекеттері осы туризмнің түрін дамытудың өзіндік жолдарын қалыптастырып, бүгінгі күні үлкен пайдаға кенеліп отыр. Ауыл туризмнің таралуының өзіндік географиясы бар. Бұндай демалыс түрінің дамуы урбанизацияның жоғары деңгейімен сипатталатын Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка мемлекеттеріне тән. Ішкі территорияларға, ең алдымен табиғи объектілерге деген сұраныс пен қызығушылықтың өсуі осы елдердегі ішкі туризмнің дамуының алғышарты ретінде аса танымал туризм түрі ретінде қалыптасты [2].

Кесте 1 – Ауыл туризмі тараған аймақтар географиясы [2]

Ел	Аймақтар
Франция	Француз Альпі аймақтары, Вогезы, Юра. Жерорта теңізі жағалаулары
Италия	Тоскана, Сицилия, Трентино
Испания	Сиерра де Трамунтана (Майорка). Каталония Андалусия
Германия	Солтүстік Рейн-Вестфалия. Баден-Вюртемберг аймақтары. Бавария
Венгрия	Венгрияның оңтүстік-батыс аймақтары. Балатон аймақтары.
Польша	Померания.
Австрия	Регион Тироля. Штирии. Каринтии
Чехия	Южная Моравия. Крконоше қорығы аймағы. Пльзень (Чехияның батысы)

Талқылау. Қазіргі таңда ауыл туризмі - Еуропада кеңінен таралған құбылыс. Әр жыл сайын Италия, Франция, Испания бірнеше миллион туристерді қабылдайды. Ресей мен Беларусь елдері де туризмнің осы түріне табыстың көзі ретінде айрықша көңіл бөлуде. Қала халқының басым бөлігінің фермерлік шаруашылық бойынша экскурсия құру үшін, көптеген қаражат жұмсауға дайын екендігі,

шетелдің бірқатар мемлекеттерінде орын алып отырған ауыл туризміне деген сұраныстан көрініс табады. Еуропадағы ауылдық туризмнің көшбасшысы Италия болып табылады. Қызметтерді ұсынатын осындай 10 мыңнан аса шаруашылықтардың санына ие Италияда 1999 жылдардың өзінде-ақ туризмнің бұл түрінен түскен табыс 450 млн. АҚШ долларын (БТҰ, 1999ж) құраған [3].

Кесте 2 - Ауыл туризмінің анықтамасы [4]

Авторы	Дереккөз	Анықтамасы
Х.Монтанер Монтехано (Испан сарапшысы)	Туристтік нарық құрылымы, оқу құралы, 1997 ж.	Жасыл туризм - елді мекендерде табиғат, лагерьлердегі өмір. Бұл қызмет ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысады, ауыл өмірімен танысу, жаяу экскурсиялар, флора мен фаунаны зерттеу, су спортымен шұғылдану, таулар мен көлдерге саяхат, ұлттық тағамдармен танысу және басқа.
Шилова С. Г. «Жасыл үй» ҰК директоры	Ауылдық туризмді тиімді қалай ұйымдастыруға болады. Алтай Республикасы, Чемал ауданы, 2003.-65 Б.	Ауыл және агротуризм-бұл демалыс ауылдық жерлердегі қала тұрғындары құрған шағын қонақ үйлер, ауылдық отбасы базасындағы жеке тұрғын үй және үй учаскесі. Негізгі қамтамасыз ететін тұру, тамақтану ауылдық көрікті жерлермен танысу болып табылады.
Кабушкин Н.И.		Агротуризм («ауыл», «фермер», «жасыл»). Оның негізгі туристік ресурстары жер, үй жануарлары және ауыл шаруашылығы құрамдас бөліктері, ауыл үйлері және т. б. болып табылады

2024 жылы Алматы облысы туризмнің қарқынды дамуы бойынша рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізді. Ақпараттық «e-Qонақ» жүйесінің мәліметі бойынша 2024 жылдың 6 айына: «Шарын» МҰТП-не 54 955 адам, «Көлсай көлдері» МҰТП-не 161 746 адам, «Іле-Алатау» МҰТП-не 358 847 адам қабылдаған [5].

UNWTO Дүниежүзілік туристік ұйымы Алматы облысындағы Саты ауылын үздік туристік ауыл деп таныды. Бұл туралы Самарқандта өткен Best tourism Villages by UNWTO 2023 салтанатты іс-шарасында белгілі болды. UNWTO - ның «Үздік туристік ауылдар» бағдарламасы 2021 жылы іске қосылған. Жобаның басты мақсаты - туризмді ауылдардың дамуы мен әл-ауқатының қозғаушы күшіне айналдыру. Биыл бұл байқауға 260-қа жуық өтінім түсіп, әлемнің түкпір-түкпіріндегі 54 ауыл таңдалған. Тағы 20 «Жаңарту» бағдарламасына еніп, барлығы 74 елді мекен ең үздік туристік ауыл санатына енген.

Саты ауылы - еліміздегі табиғаты ең тамаша өңірдің бірі. Мұнда әйгілі Көлсай көлдері мен Қайыңды көлі орналасқан. Сондай-ақ Сатының іші, Талды, Құдырғы, Өрікті, Далашық сынды туристер үшін әлі ашыла қоймаған жерлер бар. Еліміздегі ең көрікті жердің табиғаты мен жан-жануарлар әлемін қорғап, сақтау үшін 2007 жылдан бері «Көлсай көлдері» МҰТП жұмыс істейді. МҰТП деректеріне сүйенсек, 2023 жылдың 9 айында өңірге 217441 демалушы келген. Қазіргі уақытта Саты ауылы - қонақ үйлер саны бойын-

ша көшбасшы. Сонымен қатар, соңғы 5 жылда мұнда ыңғайлы маршруттар мен серуен жолдары құрылған, төменгі Көлсайға баратын жол күрделі жөндеуден өткен. Қазіргі таңда Қайыңды көліне жол салынууда. «Қазақстанда Сатының табысты тәжірибесін тарату мақсатында қазақстандық туроператорлар мен басқа өңірлерден келген қонақ үй иелері үшін ақпараттық турлар, оқыту тренингтері мен семинарлар өткізіледі. 2023 жылғы есеп бойынша Сатыда 90 қонақ үй мен 30 орналасу орны жұмыс істейді. Бұл сан 2019 жылмен салыстырғанда екі есе өскен. Жергілікті тұрғындардың көпшілігі туристік бизнеспен айналысады». 2020 жылы Саты ауылы Lonely Planet халықаралық агенттігінің нұсқасы бойынша жергілікті қауымдастықтарға негізделген туризмнің ең жақсы бағыты ретінде танылып марапатқа ие болған. Ал 2021 жылы ауыл туризмі бойынша төртінші дүниежүзілік конференцияда Саты ауылы «Rural Light Cup» немесе «Әлемдік ауыл туризмінің Оскары» алтын медалын иеленді [6].

Ақпараттық «e-Qонақ» жүйесінің мәліметі бойынша, 2024 жылдың алғашқы алты айында облысқа 70 мыңнан астам адам келген, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (32 276 адам) айтарлықтай көп.

Ресми статистика да қарқынды өскенін көрсетеді. 2023 жылдың бірінші тоқсанында облысқа 76 217 адам келсе, 2024 жылдың сәйкес кезеңінде 99 335 адам облыс табиғатын тамашалаған [7].

Кесте 3 - 2023 жылдың бірінші тоқсанында облысқа келген туристер саны [7]

2023	2024
76 217	99 335
Ескерту: Кесте автормен құрастырылған	

Қорытынды. Қазақстан – әлемдегі жер көлемі бойынша ең бай мемлекеттердің бірі. Қазақстанда туризмнің бұл түрін дамытуға болашағы зор, оны дамыту үшін барлық мүмкіндіктер бар. Қазақстан ресурстарға, ландшафттардың алуан түрлілігіне, ерекше табиғи ескерткіштердің, мәдениеттің, тарихтың, жоғары ауылшаруашылық әлеуетіне өте бай Еліміздің әрбір тұрғынының үлесіне тиетін ауыл шаруашылық жер көлемі 12,3 гектардан асады. Ал бұл – сөз жоқ, отанымыздың азық-түлік қауіпсіздігін толық қамтамасыз етуге жол ашатын ең басты мүмкіндік. Бүгінде өркениетті ел болып, даму жолын қаладан тапқанымызбен, ауылдың алар орны ерекше. Елімізде ауыл туризмін әлі дами қоймаған сала ретінде сипаттауға болады. Себебі ауылдық аймақтарда бұл саланы дамытуға қажетті барлық ресурстар болғанмен, бірақ сол ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін туризм инфрақұрылымы жоқ. Осындай мәселелерді шешудің бірден-бір жолы мемлекет тарапынан туризмді дамытуды қолға алып, ол бойынша мемлекеттік деңгейде, мысалы, «Жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы, «Туризмді дамытудың 2019-2025 жж арналған бағдарламасы» сияқты іс-шараларды айтуға болады [8]. Мұндай мәселелерді шешуге ұсыныстарды қарастыруға болады. Олар:

- Ауылды жердегі халықтың тұрмыс деңгейі қаламен салыстырғанда 3 есеге төмен, сондықтан әлеуметтік жағдайын көтеруге мол мүмкіндік болғандықтан мемлекеттік билік өкілдерімен бірлескен жұмыс жасау;

- Ауыл туризмі экологиялық туризммен тығыз байланысты болғандықтан жергілікті халықты экологиялық білімдерін көтеруге семинар – тренинг өткізу бағдарламаларын қолға алу керек;

- Ауылды әртүрлі әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, Қазақ спорт және туризм академиясы оқытушыларына бірлескен жұмыс жасауға (кітаптар шығаруға, ғылыми жұмыстар жасауға, студенттердің өз идеяларын ұсынып отыруға белгілі бір іс-шараларды қолға алу);

- Жарнамалық жұмыстар мен ақпараттар беру үшін ресми жүйелі экосайттар жасауды қолға алу;

- Ауылға келуші туристердің толтырымдылығын арттыру үшін туристік фирмалар мен мекемелермен жұмыс жасау.

Қазақстанда ауылды жердегі туризмді дамытуда инфрақұрылымның орны ерекше, осы тұрғыда, Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында айтқан келесі сөздері туризмнің осы түрін дамытуда маңызды болып саналады. Яғни, мемлекет басшысы ауылдық жерлердің әлеуметтік ортасын жаңғыртуға кірісуіміз қажеттігін, осыған байла-

